# Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 6 (1061)

18.02.2022

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti


ӨЗЕКЖАРДЫ

# СУ ТАПШЫЛЫҒЫ болмасын десек

**ТАЛДЫҚОРҒАН ЕГІСТІКТЕРІ МЕН ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДАҒЫ БІРҚАТАР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ СУАРУ ЖЕЛІЛЕРІНДЕГІ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТОҚТАП ҚАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТАҒЫ ДА ҚИЫН ЖАҒДАЙҒА ТАП БОЛУЫ МҮМКІН. ЖОБАНЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫ БІР МИЛЛИАРД ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ. АЛАЙДА ҚАРЖЫ ТАПШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ТОҚТАП ТҰР.**

Бүгінде 19 каналдың біреуі де дайын емес. Неге? Себеп қандай? Осы орайда «Қазсушар» РМК Алматы филиалының құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Талдықорған өндірістік учаскесінің басшысы Мырзахан Әбдішевке хабарласып, өзекті мәселенің түйінін тарқатып беруін сұрадық.

Мекеме басшысының сөзінше, 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында шаһарда қаланың суару желілерін қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Жоба бойынша құрылыс-жөндеу жұмыстары 2020 жылдың күзінде аяқталуы тиіс. Алайда, бүгінгі күнге дейін жұмыс аяқсыз қалып келеді. Бұл жобаға тапсырыс беруші – облыстық құрылыс басқармасы, жобалаушы «Аспект Строй» ЖШС, бас мердігер «Монолит» ЖШС болып табылады. Ал, жоба құны 1,8 млрд. теңгені құрайды.

*«Күрделі құрылыс жұмыстары 2020 жылы басталды. Қаланың суару желілерінің жалпы ұзындығы 132,2 шақырымды құрайды. Оның ішінде күрделі құрылыс 113,2 шақырымды қамтыды. Бұл ақша бір жылдың ішінде игерілуі керек еді. Өкінішке орай, екі жыл өтті, нәтиже жоқ. Жалпы, қанша жұмыс атқару жоспарланған дегенге келсек, жобаға 19 каналды жөндеу және күрделі құрылыс жұмысы, оларды механикалық тазалау, лоток желісін тарту, гидротехникалық құрылыстарды ауыстыру сынды жұмыстар кіріктірілді. Мұның барлығы қолданыстағы 6,2 мың гектар егістік алқапқа қосымша 1,5 мың гектарды айналымға енгізуге мүмкіндік берер еді. Жөндеу аяқталған соң сумен қамтамасыз ету жақсарып, шығын азаюы тиіс болатын.*

*Қазіргі таңда 19 каналдың бірде-бірі соңына дейін жасалып біткен жоқ. Бас мердігер «Монолит» ЖШС-нің жұмысына жауапсыздық танытуына қаржыландырудың жоқтығы себеп болып отыр. Одан кәсіпорын жанар-жағармайларды да, басқа да қажетті құрал-жабдықтарды сатып ала алмайды»* – деген М. Құдайбергенұлынан егер барлық канал жойылса, егістіктерге су қалай берілетіні туралы да сұрағанбыз. Бұл орайда мекеме басшысы:

*– Әрине, 2021 жылғы суару маусымы үлкен мәселелермен өтті. Уақытша айналма каналдар салған мердігер жұмыс кестесін бұзуына байланысты суды 2021 жылдың 15 мамырында ғана бере алдық. Топырақ каналдары – бұл бағалы суару суының үлкен шығыны, оның түбі мен беткейлері бөлшектелген құрылыстар арқылы ағуы,осының барлығы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің елеулі наразылығын тудырды. Әрине, оларды түсінуге болады. Су жеткіліксіз болса, жақсы егінді қалай өсіруге болады. 2021 жылы табиғи апаттар мен қалыптасқан жағдайға байланысты каналдарға су айналымын енгіздік, сол арқылы жағдайдан шығып, тауар өндірушілер алдындағы шарттық міндеттемелерімізді орындадық. Өкінішке орай, каналдағы жұмыс әлі басталған жоқ. Бұл жағдай бізді алаңдатады және құрылысты жалғастыру және нысанды мүмкіндігінше тезірек аяқтау үшін барынша қатаң шаралар қабылдау қажет,* – деді.

Айта кетейік, күні кеше облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың жетекшілігімен өткен алқалы жиында көктемгі дала жұмыстарына дайындық мәселесі қаралып, онда суару желілерін салу мәселесі де нақты айқындалды.

**С. БАЗАРҚҰЛОВА.**

## АҢДАТПА


МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ 4-бет

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРМЕГІНЕ АЙНАЛДЫ

КӨКЕЙКЕСТІ 5-бет

ЖАҢА БИЛІК ӨТІРІКТІ ӨКІРТІП АЙТПАЙТЫН ШЫҒАР

ӘҢГІМЕ 8-бет

АМЕРИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫ

ЗДОРОВЬЕ 10-стр.

КАЗАХСТАНЦАМ РАЗРЕШИЛИ ОБРАЩАТЬСЯ К УЗКИМ СПЕЦИАЛИСТАМ БЕЗ НАПРАВЛЕНИЯ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

**ЕНДІ БІРАЗ КҮННЕН КЕЙІН КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ АЙЫНА АЯҚ БАСАМЫЗ. ОСЫҒАН ОРАЙ ҚАЗІР КӨКТЕМГІ ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.**

*Еліміз бойынша биыл егіс алқаптарының көлемі 22,9 миллион гектарды құрайды, бұл былтырғымен салыстырғанда 13,5 мың гектарға жоғары. Ал облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптары 973,6 мың гектарға дейін жеткізілетін болады, бұл өткен жылдан 1,3 мың гектарға артық. Соның ішінде дәнді және бұршақты, майлы, бақша дақылдары мен жүгері, картоп, күріш, көкөніс, қант қызылшасы бар. Егіс алқаптарын әртараптандыру саясатына сәйкес егіс құрылымында майлы дақылдар көлемі 21,6 мың гектарға қысқарып, орнына тиімділігі жоғары дәнді дақылдар 3,2 мың гектарға, оның ішінде дәндік жүгері 1,6 мың гектарға, мал азығы дақылдары 7,7 мың гектарға ұлғаймақ. Былтыр 108,1 мың гектарға күздік дақылдар себіліп, 198,9 мың гектар сүдігер жыртылды.*

*2022 жылдың өніміне қажет 238,5 мың тонна ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымы қамбаға толық құйылды. Жаздық дақылдардың тұқымдық және отырғызу материалдың сұрыптық және егістік сапаларын анықтау жұмыстары аккредиттелген «ЖетісуАгрЭкс» зертханасында жасалады. Несие ресурстары бойынша аграрлық несие корпорациясымен көктемгі егіс жұмыстарын қаржыландыруға 1700 миллион теңге қарастырылған, бүгінгі таңда қырық ауылшаруашылығы тауар өндірушілерден 778,0 миллион теңгеге өтінім түсті. Минералды тыңайтқыштар бойынша облыста жергілікті бюджеттен 2,0 миллиард теңге субсидия бөлінді, 44 мың тонна тыңайтқыш қолдану жоспарлануда.*

*Көктемгі дала жұмыстарын жүзеге асыруда ауыл шаруашылығы техникаларының атқаратын қызметі жоғары. Техниканың жанар-жағармаймен уақытылы қамтамасыз етілуі де маңызды. Осы ретте дала жұмыстарына 32,9 мың бірлік ауылшаруашылығы техникасы мен тіркеме агрегаттары тартылмақ. Оның ішінде, трактор, соқа, сепкіш, культиватор және тырма бар. Жалпы, дайындық 94,1 пайызды құрайды. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы ҚР Ауылшаруашылығы министрлігіне көктемгі дала жұмыстарын сапалы жүргізу үшін мұнай өңдеу зауытының көтерме бағасы бойынша 14460 тонна дизель отынына өтінім жіберді (наурыз 10800 тонна, сәуір 2400 тонна, мамыр 1260 тонна).*

*ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және ҚР Энергетика министрлігі аталған көлемді бөлу туралы құжатты рәсімдеуде. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілетін кепілді дизель отынының бөлінетін көлемі мен бағасын бекіту мәселесі Ауыл шаруашылығы және Энергетика министрліктерінің, вице-министрлерінің қатысуымен өтетін отырыста анықталмақ.*

**А. БАЙБОСЫНОВА.**

БІЛІМ

# ЗЕРДЕ - ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

**ЕНДІ ТАҢДАУ ДӨҢГЕЛЕГІ АРҚЫЛЫ КОНФЛИКТТЕРДІ БОЛДЫРМАУҒА БОЛАДЫ. МҰНДАЙ ШЕШІМДІ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ 3-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ЕВА КАРАПЕТЯНЦ ҰСЫНЫП ОТЫР.**

Жоба XVII Республикалық «Зерде» ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар байқауында ұсынылды. Байқау Бурабай ауданы, Щучинск қаласындағы «Балдәурен» республикалық ғылыми-практикалық орталығының базасында өтті. Бұл модель ойынсауық квест түрінде балалар арасындағы жанжалды жағдайды жоюға мүмкіндік береді. Өнім сыныптастардың пікірін ескере отырып жасалып, олардың қолдауына ие болды.

*«Таңдау дөңгелегі 7 бөлікке бөлінген шеңбер. Әр бөлікте достық ізденісі деп аталатын қақтығысты шешу нұсқасы көрсетілген. Дөңгелекке жебе бекітілген, ол дөңгелекті айналдыру кезінде шешімді кездейсоқ анықтайды. Бұл жанжалды жағдайды ойынға айналдырудың өте қызықты тәсілі болып табылады»*, – дейді жас зерттеуші Ева.

Республикалық «Зерде» байқауында 4-сынып оқушысы Ералы Шәкербек те ғылыми жоба қорғады. Ералы банан қабығы сияқты тағам қалдықтарынан биологиялық ыдырайтын полимерлер алуға болатынын дәлелдеді.

Химия пәнінің мұғалімі Қарлығаш Құдайбергенованың жетекшілігімен Ералы процесстердің әртүрлі комбинацияларымен бірнеше тәжірибе жүргізіп, нәтижесінде екі айға жетпей ыдырайтын нағыз биопластик алды.

*«Біздің мектеп асханасында айына орта есеппен 8 мыңнан астам банан желінеді. Қоршаған ортаның ластануын азайтамыз десек, «жасыл» химия саласында игі жолды бастау маңызды, мен бананның қосалқы өнімінен алынатын биопласттарды шығаратын зауыт салуды ұсынамын. Жаңа материал шын мәнінде дәстүрлі пластикті алмастыра алады. Өздеріңіз білетіндей, пластикалық ластану адамзаттың өзекті мәселелерінің бірі»*, – дейді Ералы Шәкербек.

«Зерде» қорытындысы бойынша Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектебінің оқушылары Ералы Шәкербек пен Ева Карапетянцтың ғылыми жобалары 1-орынды жеңіп алды.

**Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі.**

ЗАҢ АЯСЫНДА

# АУДАНДЫҚ СОТ ШЕШІМІ БҰЗЫЛДЫ

**Алматы облыстық сотында көп балалы отбасының құқығы қорғалды, – деп хабарлайды Алматы облыстық сотының баспасөз қызметі**

Алматы облыстық сотында көпбалалы, үлкен әулетке қатысты азаматтық іс қаралды. Іс-материалдарына сәйкес, талапкер Мектеп-интернат көпбалалы отбасының қазіргі кезде заңсыз тұрып жатқан жер учаскесінің меншік иесі болып табылған соң, баспананы босату туралы арызбен сотқа жүгінген. Бірінші сатыдағы соттың шешімімен аталған іс бойынша, мектеп интернатының арызы қанағаттандырылған.

Сот актісімен келіспеген көп балалы отбасы Алматы облыстық сотына шағымданған. Сотта көпбалалы әке, 2001 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін, құтқару станциясының ғимаратында тұрып жатқанын, оны күтіп ұстау ауыртпалығын өзі көтергенін, олардың басқа тұратын жері жоқ екендігін атап өткен.

Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы істі қайта қарап, парасаттылық, әділдік принциптерін басшылыққа алып, отбасының материалдық жағдайын ескеріп, аудандық сот шешімін бұзды. Шешімді кәмелетке толмаған балалардың пайдасына шешті.

**Ш. ХАМИТОВ.**

ҰСТАЗ ОЙЫ

**Күні бойы өзіңді сергек сезініп жүрудің де бір тәсілі – спорт. Ғалымдар зерттеуіне сүйенер болсақ, спорт адамды шат-шадыман өмір сүруге де жетелейді.**

# ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАСЫҢ

Спорт – адамның рухани әлемі үшін де маңызды. Өйткені, қиындыққа қарсы тұруға қауқары жете бермейтін жандарға мамандар бір уақыт спортпен шұғылдануға кеңес береді. Күйзеліске ұшыраған сәттерде дене жаттығуларына ден қойсаңыз, жаңа құлшыныс пен тың серпін арқасында ерекше өмір сүруге ұмтыла түсесіз. Бұл да спорттың, дене жаттығуларының бір құдіреті.

Ғалымдардың зерттеулерінше, адам дене жаттығуларымен айналысқанда оның миында да сан мыңдаған үдерістер орын алады. Ми дене қимылдарының әрекетін күйзеліс ретінде қабылдап, оған қарсы күрес жүргізе бастайды. Ағзадан эндорфин гормоны (қуаныш пен ләззәт алу гормоны) мен пайдалы ақуыздар бөлініп, жүйке жүйелері мен миға тарайды. Сол арқылы адам ойы ұшқыр әрі есте сақтау қабілеті жақсара түсіп, көңіл-күйге әсер етеді. Спорттың адам өмірі үшін маңызын будан ары айта түсудің өзі де артығырақ секілді. Бірақ, алдымен «спортпен шұғылдануға уақыт табылмай жүр» деген сылтаудан құтылған абзал. Ол үшін не істеу керек? Күніне 20 минут дене жаттығуымен айналысуды да ұмыт қалдырып кететін кездеріңіз болмайды емес, болады.

Иә, күнделікті өмірде спортты сүйетін жандар көп. Әркімнің санасындағы спорт ұғымы – сан алуан. Расында да, көпшілікті ұлты мен жеріне, тілі мен дініне бөлмей өзіне ынтызар етер спорт құдіреті жоғары. Бәріміз білетіндей, «спорт – денсаулық кепілі». Бастысы, талғампаз тәкаппар өнерге шексіз беріліп, адалдық танытсаң, берері мол сиқырлы әлем.

**Аслан АХАМБАЕВ,**
**Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.**
**САРҚАН АУДАНЫ**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

# ПЕРЕГОВОРЫ ПУТИНА И ТОКАЕВА

***10-11 ФЕВРАЛЯ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ СОВЕРШИЛ ОФИЦИАЛЬНЫЙ КРАТКОСРОЧНЫЙ ВИЗИТ В РОССИЮ, ПО ПРИГЛАШЕНИЮ В. ПУТИНА. ТАМ ОН ПРОВЕЛ ПЕРЕГОВОРЫ С ПРЕЗИДЕНТОМ РФ ВЛАДИМИРОМ ПУТИНЫМ, ГЛАВОЙ ПРАВИТЕЛЬСТВА МИХАИЛОМ МИШУСТИНЫМ, ПОСЛЕ ЧЕГО ПРИБЫЛ В КАЗАНЬ.***

10 февраля состоялись переговоры президентов Казахстана и России. Переговоры президентов России и Казахстана Владимира Путина и Касым-Жомарта Токаева продлилась более трех с половиной часов,- сообщает РИА Новости.

Главы государств обсудили перспективы дальнейшего развития двусторонних союзнических отношений, вопросы интеграционного сотрудничества на евразийском пространстве и актуальные международные проблемы.

В частности, во время протокольной части беседы президенты обсудили протесты, которые прошли в Казахстане в январе. Путин заявил, что страна стала жертвой международных банд.

*"Благодаря твердой позиции президента Токаева и решительной поддержке России, всех союзников по Организации договора о коллективной безопасности удалось в самый короткий срок взять ситуацию под контроль, восстановить закон, порядок, вернуть на казахстанскую землю мир и спокойствие"*, — подчеркнул он.

По его словам, Токаев делает все, чтобы обстановка в стране окончательно нормализовалась и жизнь в стране вернулась в стабильное русло, а ее население поддерживает курс руководства на решение масштабных задач.

Говоря об обстановке на континенте, президент Казахстана подчеркнул, что страна поддерживает точку зрения России о неделимости безопасности в Евразийском регионе, этот принцип был зафиксирован в декларации, подписанной по итогам астанинского форума ОБСЕ в 2010 году.

*"Хочу подчеркнуть, что в целом наши позиции и подходы остаются неизменными. Российская Федерация играет исключительно важную роль в обеспечении стабильности в нашем регионе"*, — добавил Токаев.

В свою очередь, Путин рассказал, что переговоры по гарантиям безопасности с европейскими и американскими партнерами проходят и в открытом, и закрытом режимах, а также добавил, что Россия готовит ответ для НАТО и США.

Российский лидер выразил уверенность, что взаимодействие двух стран будет и далее расширяться, поскольку для этого есть объективные условия. Он напомнил, что в 2022 году государства будут отмечать 30-летие установления дипломатических отношений, которые построены на принципах надежной взаимоподдержки, уважения и учета интересов друг друга.

*"Россия и Казахстан — ключевые экономические партнеры. Даже в условиях неотступающей пандемии коронавируса двусторонний товарооборот растет, причем растет устойчивыми темпами, и по итогам прошлого года достиг 25,6 миллиарда долларов"*, — заявил Путин.

Во время переговоров также шла речь об укреплении военно-технического сотрудничества между странами. Президент подчеркнул, что Россия продолжит оказывать Казахстану помощь в подготовке военных специалистов в вузах Минобороны России и других силовых ведомств.

Путин также пригласил президента Токаева принять участие в Петербургском международном экономическом форуме (ПМЭФ) в качестве одного из главных гостей и поблагодарил его за поддержку заявки Москвы на проведение Всемирной универсальной выставки ЭКСПО-2030.

**К.К.Токаев провел встречу с президентом Татарстана**

Глава государства прибыл в город Казань. Президента Касым-Жомарта Токаева встретил президент Рустам Минниханов в международном аэропорту Татарстана. «Касым-Жомарт Токаев во время рабочей поездки посетил достопримечательности Казанского кремля и провел встречу с президентом Татарстана. Также он ознакомился с работой таких крупных компаний, как "КАМАЗ" и "Танеко", расположенных в других городах республики», – сообщил пресс-секретарь президента Берик Уали.

В ходе поездки в Татарстан президент Казахстана посетил город республиканского значения Набережные Челны. Здесь глава государства побывал в крупнейшей автомобильной корпорации России «КАМАЗ». Об этом сообщается на официальном сайте Акорды.

Касым-Жомарт Токаев был проинформирован о достижениях компании за последние годы. «КАМАЗ» входит в двадцатку ведущих производителей тяжелых грузовиков в мире. Производственные мощности достигают 71 тысячи автомобилей в год. Компания экспортирующая машины в ближнее и дальнее зарубежье, рассматривает авторынок Казахстана как важное направление. По итогам прошлого года доля «КАМАЗа» на рынке новых грузовиков в нашей стране достигла 42%.

В Казахстане уже осуществляется реализация нескольких совместных проектов. Один из них — строительство завода KamLitKZ по производству чугуна в индустриальной зоне города Костаная. Предприятие планируется запустить во второй половине 2024 года. По словам руководства компании, в скором времени в Казахстане будет начато производство комплектующих для машин «КАМАЗ». Глава государства побеседовал со специалистами из Казахстана, которые повышают квалификацию на заводах компании «КАМАЗ». Рабочие, прибывшие на двухмесячное обучение, будут работать на предприятии, которое откроется в Костанае. Молодые люди поблагодарили президента за предоставленную возможность.

*«Это большой проект, который даст очень серьезный импульс развитию нашей экономики. Хорошо, что вы здесь учитесь, получаете образование, опыт»*,- сказал Касым-Жомарт Токаев.

Затем президент посетил выставку продукции нефтеперерабатывающей, машиностроительной и других отраслей, являющихся драйверами экономики Татарстана.

# ПОРУЧИЛ УВЕЛИЧИТЬ ДОХОДЫ НАСЕЛЕНИЯ

***Необходимо увеличить доходы населения и сократить социальный разрыв между людьми. Такое поручение дал соответствующим органам на заседании правительства глава государства Касым-Жомарт Токаев, передает ИА «NewTimes.kz».***

*«Доходы — это главный фактор улучшения благосостояния населения и веры в будущее. К сожалению, в последнее время доходы населения увеличились не за счет улучшения экономики, а социальных трансфертов. Немало людей, которые живут только за счет социальных пособий и пенсий»*, – заявил президент.

За пять лет в общих доходах населения доля трудовых доходов сократилась с 80 до 67%. А социальные трансферты выросли с 17 до 29%. Из этого выходит, что доходы населения зависят не от получаемых зарплат, а от трат бюджета.

*«Увеличивается доля людей, погрязших в долгах, и бедных. На сегодня доходы около 1 млн человек не достигают даже уровня минимального прожиточного минимума. Это худший показатель за последние десять лет. Несмотря на это, правительство отчитывается о том, что растут размеры средней зарплаты. Это иллюзия»*, – считает Касым-Жомарт Токаев.

***В Казахстане проводят мероприятия по зачистке рынка электрической энергии от теневых субъектов цифрового майнинга. Об этом сообщили в пресс-службе Министерства энергетики, передает корреспондент Tengrinews.kz.***

# НАЧАЛИ ЗАЧИСТКУ ОТ ТЕНЕВЫХ МАЙНЕРОВ

«Глава государства поручил принять меры по выявлению и проведению проверочных мероприятий в отношении незаконно действующих субъектов цифрового майнинга. В настоящее время заинтересованными государственными и правоохранительными органами осуществляются соответствующие мероприятия, направленные на зачищение рынка электрической энергии от теневых субъектов цифрового майнинга», — сообщили в пресс-службе.

Также в ведомстве напомнили, что 20 апреля этого года является крайней датой для осуществления установленных законодательством налоговых отчислений в размере 1 тенге за 1 киловатт-час потребленной электрической энергии.

Ранее Президент Касым-Жомарт Токаев поручил кратно повысить налог на майнинг в Казахстане и проверить все майнинговые фермы. По его словам, текущая ставка — 1 тенге за киловатт мощности — ничтожно мала.

*«Социально-экономический эффект от производства криптовалют минимальный. Массовых рабочих мест не создается, продукции как таковой нет вообще. При этом данная сфера потребляет электроэнергию, как несколько областей. Причем отдельные недобросовестные майнеры откровенно пользуются тарифами, которые ниже, чем тарифы для населения. Не платятся налоги и пошлины на ввозимое оборудование. И самое главное — максимально используя ресурсы страны, эти дельцы монетизируют их в других юрисдикциях»*, — заявил Президент.

# ОПЕРАТИВНОЕ СОВЕЩАНИЕ СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ

***ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА В РЕЗИДЕНЦИИ АКОРДА СОСТОЯЛОСЬ ОПЕРАТИВНОЕ СОВЕЩАНИЕ СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ, НА КОТОРОМ БЫЛ РАССМОТРЕН РЯД АКТУАЛЬНЫХ ВОПРОСОВ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ.***

Открывая мероприятие, Председатель Совета Безопасности Касым-Жомарт Токаев назвал первоочередной задачей защиту конституционных прав граждан, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Акорду.

Генеральный прокурор Гизат Нурдаулетов доложил о ходе расследования событий «трагического января». По его словам, в настоящее время расследуется 3 024 уголовных дела. В ведении межведомственной следственной группы под руководством спецпрокуроров находится 177 дел по массовым беспорядкам и актам терроризма. По данным органов прокуратуры, всего под стражей находится 779 лиц.

Среди задержанных 24 члена ОПГ, 113 лиц имеют судимости за убийства, кражи, грабежи и разбои. После изучения личности, состояния здоровья и других материалов 109 гражданам аресты заменены на подписку о невыезде и личное поручительство. Прокуроры освободили еще 103 человека, имея ввиду недоказанность их участия в беспорядках. Тщательно проверяется каждое сообщение о пытках задержанных. Прокуроры находятся в контакте с адвокатами, правозащитниками и Уполномоченным по правам человека. Им предоставлен доступ в следственные изоляторы, ИВС и спецприемники для проверки условий содержания.

Всего в прокуратуру поступило 305 жалоб задержанных. По 62 обращениям нарушения не подтвердились. По 170 фактам заведены уголовные дела по пыткам и превышению власти.

*«В каждом случае будем детально разбираться, и привлекать к ответственности только при наличии неоспоримых доказательств»*, — заверил Генеральный прокурор.

С докладами также выступили председатель Комитета национальной безопасности, министр внутренних дел, министр обороны и заместитель Премьер-министра — министр иностранных дел. По итогам совещания Президентом государственным органам были даны поручения по тщательному объективному расследованию январских событий, защите прав задержанных граждан, своевременному информированию населения о ходе расследования.

Напомним, 2 января жители Мангистауской области вышли на митинг из-за повышения цены на сжиженный нефтяной газ. 3 января митинги начались сразу в нескольких регионах. К акциям протеста присоединились вахтовые работники нефтедобывающих предприятий. 4 января сразу в нескольких городах страны вспыхнули массовые беспорядки, начались погромы. 5 января правительство ушло в отставку, в Казахстане ввели госрегулирование цен на социально значимые продукты питания, сжиженный газ, бензин и дизельное топливо.

Однако беспорядки только усилились. Сильнее всего пострадал Алматы, где участники беспорядков сожгли акимат, захватили резиденцию Президента, разгромили магазины, ТРЦ, офисы банков и банкоматы. Число жертв и пострадавших уточняется и до сих пор неизвестно. Позже Президент заявил, что беспорядки организовали террористы, использовав митинги как ширму.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

# ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ
## БАЛАЛАРДЫҢ ЕРМЕГІНЕ АЙНАЛДЫ

**ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА, КӨШЕДЕ, МЕКТЕП АЙНАЛАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІМЕН ЖҮРГЕН БАЛАЛАРДЫ КӨРГЕНДЕ ЖАҒАҢДЫ ҰСТАЙСЫҢ. КӘМЕЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ БҰҒАН ӘУЕС БОЛУЫНЫҢ СЕБЕБІ НЕДЕ? МҰНЫ ҮЛГІ ҚЫЛЫП, КІМ НАСИХАТТАУЫ МҮМКІН ДЕГЕН СҰРАҚТАР САНАНЫ САНСЫРАТАДЫ.**

Қалай дегенмен, бүгінгі жастар тілімен айтқандағы жаңа тренд, осы – вейп, айкос, гло болып тұр. Алайда, мұның адам денсаулығына кәдімгі шылымнан да бетер әсер ететін күшке ие екендігі жеткіншектер ойына кіріп шықпаса керек-ті.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрі шылымды шегу бойынша соңғы бес жылда жүргізілген мониторингтік есебін жариялаған болатын. Оған сәйкес, бір реттік шылымды сатып алатын тұтынушылардың көбі 12 мен 16 жас аралығындағы балалар екен. Олардың қатарында қыздар да бар. Мұны статистикалық мәліметтерінсіз-ақ сыртта жүріп, өз көзіңізбен көре аласыз. Жер жерде қолдарына бір-бір түтікше ұстап алып, аппақ буын будақтатып жүрген жасөспірімдер. Кәдімгі шылымды алмастырып жүрген электронды темекі зиянын тигізбесе, пайдасын әкелмесі хақ.

Мектеп жасындағы балалардың зиянды әрекетке әуес болып баратындығына мектеп мұғалімдері де алаңдаулы.

*«Қазіргі уақытта мектеп қабырғасында күрделі мәселелердің бірі – оқушылардың электронды темекіге әуестігі болып тұр. Бұған қай жастағы балалар әуес десеңіз: жасөспірім 7-11 сынып оқушылары қызығушылық танытады. Олардың қазіргі жасында физикалық және психикалық-эмоционалдық тұрғыдан өзгерістер болып, сол сәтте балаларда еліктеу пайда болады. Мінез-құлықтары өзгереді. Өздерін үлкен сезінгісі келіп тұрады. Осылайша, электронды темекіні тұтынып жүрген бала бірте-бірте оған тәуелді болып қалады. Одан кейін ақырындап кәдімгі шылымға әуестенуі де мүмкін. Бұл мәселе бойынша ұстаздар мен ата-аналар балалармен көп жұмыс жасауы тиіс деп есептеймін. Олардың жасында тез ашуланшақыққа салыну, еркелік басым болады. Бір жағынан күнделікті ұстап жүрген ұялы телефоннан да талай бәле келіп жатыр. Ол да психикаға үлкен әсер етеді. Ермек көріп ойнап жатқан ойындарына дейін атыс-шабыс. Олардың небір қызылды-жасылды еліктіргіш зат көрсе елігетін уақыттары осы шақ. Осы тұрғыда ата-аналардың бір кінәсі баласымен көп сөйлеспеуі. Керісінше, кейбірі балаларына «бар, теледидар көрші», «телефоныңды ал да, ойыныңды ойнашы» деп жатады. Ата-анадан жылулық, дұрыс тәрбие көрмеген бала не істейді? Айналасындағылардың істеген ісіне қызығып, соны қайталайды. Тіпті, ата-аналар шылымды өздері де тұтынбай, балаларына үлгі бола білсе, оның зияны туралы сөйлесе алар еді. Отбасы мүшелері балалардың көзінше тым болмаса темекі тартпауы керек. Ұстаздар да мектепте темекісіз саясатты қолданғаны жақсы. Сонда жастарды зиянды әдеттен арылтуға болады. Әкенің мықты тәрбиесі, бір шытқан қабағы, ананың дұрыс ақыл-кеңесінен бала қанша еліктеседе мұндай зиянды әрекеттерге бармауы керек»* , – дейді Талдықорған қаласындағы №5 мектеп-лицейінің психологы Айдана Жұмаханова.

### Еліктірген, желіктірген...

Бұл орайда Талдықорған қаласының тұрғыны, көпбалалы ана Нұргүл Естаева электронды темекіні 8-ші сынып оқитын ұлының сөмкесінен тауып алғанын айтты.

*– Ұлымның сабағын қадағалайын деп сөмкесінен қалам алып жатқанда кішкентай, маркерге ұқсас, құтысы бар бір зат тауып алдым. Жұмыстағы әкесіне суретке түсіріп жібергенімде, оның темекі екенін айтты. Кейін оны лақтырып тастадым да, баламды жақсылап жөнге салдым. Мектептегі ұстаздарына да айтып, қадағалауларын өтіндім. Мұның баламның сөмкесіне қайдан, кімнен келгені сол күйі жұмбақ болып қалды. Балаларды тәртіпке салып, қадағаламаса өз беттерімен кетеді. Қазір дүкендерде бұл зат ашық сатылымда екен. Сонда ақша үшін кәмелеттік жасқа толмаған балаларды осылай улай беріміз керек пе?* , – деп налыды ол.

Бұл бір ғана Нұргүл апайдың басындағы жайт емес, осындай қаншама ата-ана баласының болашағы үшін алаңдаулы.

Электронды темекі жеткіншектерді сырт пішінімен желіктіріп, хош иісімен еліктіруде.. Ал, жас жеткіншектер ертең өмір бойы зардапқа ұрындыратынын түсінбейді, білмейді. Олардың ағзасы никотинді тұтынған сайын мұндай зиянды әдеттерге тез үйреніп алады. Бұл дегеніміз қатерлі ісіктің пайда болуына алып келіп, есірткіге тәуелді етуі де әбден мүмкін екенін айтады мамандар.

*– Электронды темекіні тартқанда жасөспірімдердің жадысы қатты зақымданады. Сондай-ақ, қозғалыстағы реакцияны бәсеңдетеді, бұлшық ет күші төмендейді, никотиннің әсерінен көру қыртысының патологиясы пайда болады. Сабақ оқу кезінде жылдам шаршағыштық байқалады. Сосын көзде шұбарлану мен қосарлану басталып, ақырында көздің көргіштігі азаяды, түтіннен пайда болған жас ағу, қызару және қабақтың ісуі, көру жүйкесін созылмалы асқынуға әкеп соғады. Сонымен қатар, шылым шегу әсерінен көпшілігінің қалқаншабезінің қызметін белсендендіріп жібереді. Нәтижесінде темекі тартатын балалардың тамыр соғысы жиілеп, қызуы артады, шөлдеу, тез ашуланғыштық пайда болады, ұйқысы бұзылады. Электронды темекі қарапайым шылымнан да қауіпті. Бұдан шығатын жәй ғана бу емес, оған арнайы түрлі хош иістендіргіштерді қосады. Сондай-ақ сұйықтықтың құрамында түрлі химикаттар болады. Мәселен альдегидтер, олар өкпенің қатерлі ісігін тудыруы мүмкін. Никотин адамның ағзасына енген кезде жүрек қан тамырларына үлкен зиян әкеледі. Мұны дер кезінде шектемесек, жеткіншектердің денсаулығына орасан зор қауіп төндіреді* , – дейді облыстық фтизиопульмонология орталығының пульмонологи дәрігері Ельмира Сейтханова.

### «Оқушыларға мүлдем сатпаймын»

Қазір темекі өнімдерін дүкендерде ашықтан-ашық сатуға арнайы заң бойынша тыйым салынған. Алайда, бұл заңға бағынған саудагер аз. Әдеттегі темекі сияқты жасырын сатылатын өнімдер дүкен сөрелерінде самсап тұр. Бір қызығы, бұл тауарлардың дүкендерде ғана емес, әлеуметтік желілерде де саудасы қызып тұр. Қызылды-жасылды жарнамасы көзді арбайды. Мәселен, инстаграмм әлеуметтік желісі арқылы электронды шылым сатумен айналысатындардың қарасы көз сүрінДіреді. Бұл қызып жатқан онлайн сауда Қазақстанның кез келген қаласында бар деуге болады. Оның құны 2200 теңгеден басталады екен. Тіпті, тапсырыс берушіге аяғын жерге тигізбей тегін жеткізу қызметі де қарастырылған. Осы тұста біз әлеуметтік желі арқылы онлайн саудамен айналысып, вейп, айкос, снюс сатып жүрген саудагердің өзімен де тілдесіп көрдік. Сатушы сөзінше, жарты жылдан бері осындай бірреттік қолданылатын электронды темекі сатады. «Паф» деген атаумен аталатын шылымды арнайы тапсырыспен алдырады екен. *«Қазір вейп, гло, айкос, снюс жастар арасында өте танымал. Мен бір ай ішінде электронды темекінің 450-500-ге жуығын өткіземін. Мұның құны 2200 теңгеден басталып, 6000 теңгеге дейін барады. Ол кем дегенде 3-4 рет шегуге жетеді. Көбіне студенттер алғанымен, арасында жасөспірімдер де бар. Алайда, мен тек 21 жастан асқан жастарға сатамын. Жеке куәлігіне қарап, жасы 21-ден асса ғана беремін. Себебі өзімнің де мектепте оқитын 14 жасар інім бар. Әпкесі айналысқандықтан олда дәмін көруге қызығады, ісі күшті ғой деп жаныма келіп алады. Алайда, мен оның зиян екенін, мектеп оқушыларына мүлдем қолдануға болмайтынын айтып, тауарлардың жанына мүлдем жолатпаймын»*, – дейді шағын кәсіпкер Ақерке Жанмұрат.

Иә, бүгінгі таңда электронды темекі маркетингтің ең тиімді тәсілі болып тұр.

Негізінен шет мемлекеттерден келіп жатқан бұл тауарлардың құрамында залалсыз заттардың жоғына сеніп керек емес. Электронды темекінің қорабына никотиннің мөлшері азырақ немесе көбірек деп жазылғанына қарамастан, олардың құрамындағы никотинның құрамы жоғары екені белгілі. Ал, түтінсіз снюстің иісін шығару үшін құрамына тағы не қосқаны да жете тексерілмеген.

### Әлеуметті әлекке салған...

Бұл синтетикалық індеттен дамыған елдер де зардап шегуде. Вейпингтің кең таралуы АҚШ-та адамдардың өкпесінің зақымдалуына және өліміне әкеліп соқтырды. Коронавирус пандемиясы басталғанға дейін Құрама штаттарда вейп пайдаланғандардың өкпенің ауыр кеселіне шалдығуының 2 500-ден астам оқиғасы тіркеліпті, одан қаншамасы көз жұмған.

Осыған орай Америка Президенті Дональд Трамп бұл өнімді шектеу ісін қолға алды. Нью-Йорк штаты 2019 жылдың қыркүйегінде бірінші болып, электронды темекілерге тыйым салды. 2020 жылдың басында бүкіл АҚШ-та электронды темекілерді арналған жұпар толтырғыштары бар картриджедердің көп түрін сатуға тыйым салынды. Қазіргі уақытта әлемнің 140 елінде темекі шегуді шектейтін заңдар қабылданған. АҚШ бас тартқан, басқа да шет мемлекеттер бас тартқан электронды шылымды неге біздің елге экспорт жасауы керек? Сонда біздің елге қауіп төнсе, төне берсін дегендері ме? Әлде шыныменде біздің жерде сұраныстың өте көптігі ме.

Мамандар пікірінше, шылымның ел экономикасына да тигізіп отырған кері әсері көп. Сондықтан да әлеуметті әлекке салған бұл дерттің өршімеуі үшін шаралар қолданған абзал екенін айтады.

Расында, мектеп оқушылары, орта және жоғары оқу орындарын қадағалау керек. Тіпті, ұстаздарға да мектеп айналасында шылым шегуге тыйым салынғаны дұрыс. Дүкендер мен онлайн саудамен айналысатын саудагерлердің кәсібін шектеу қажет. Дені сау, салауатты ұрпақ қалыптастыру үшін қазірден бастап, тиісті шаралар қолға алынуы керек-ақ...

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Былтыр Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР кодексіне қол қойған болатын. «Кодекстің 110-бабы 3-ші тармағына сәйкес, «Темекі бұйымдарын шегу, шайнау, иіскеу немесе тұтынудың өзге де тәсілдері үшін, оның ішінде темекіні қыздыруға арналған жүйенің немесе кез келген өзге де құралдың көмегімен пайдаланатындай етіп, дайындалған шикізат ретінде темекі жапырағынан және оның өсімдігінің басқа да бөліктерінен толық немесе ішінара жасалған өнімдерді қолданбауға бұйырамын», – деп айтқан болатын. Вейп, снюс, айкос дегеніңіз – кез келген өзге құралға кіреді. Ендеше, оларда әлеумет ортасында емін-еркін ұсынылмауы, пайдаланылмауы және сатылмауы тиіс.

**Арайлым НҰРЖАПАР**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**КӨКЕЙКЕСТІ**

# ЖАҢА БИЛІК

## ӨТІРІКТІ ӨКІРТІП АЙТПАЙТЫН ШЫҒАР

**ХАЛЫҚ АЙТСА ДА ҚАЛЫП АЙТПАЙДЫ. СӨЙЛЕСЕ СӨЗДІҢ СӨЛІН ШЫҒАРЫП, СҮЙЕКТЕН ӨТКІЗІП ЖІБЕРЕДІ. АСЫРА СІЛТЕУДЕ ҚАЗАҚҚА ЖҰҚҚАН ДЕРТ. «ШӨЛМЕК МЫҢ КҮНДЕ СЫНБАЙДЫ, БІР КҮНДЕ СЫНАДЫ» ДЕГЕН ТӘМСІЛДІ ДЕ ҚАЗАҚ АЙТҚАН. ОТЫЗ ЖЫЛ ОТЫЗ ЕЛДЕН АСЫП, ЕЛУ ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА КІРЕМІЗ» ДЕП ҰРАНДАТЫП, АҚСАҚТЫ – ТЫҢДАЙ, ӨТІРІКТІ – ШЫНДАЙ ҚЫЛЫП БӨСІП ЖҮРГЕН БИЛІКТІҢ ӨТІРІГІ ҚАҢТАРДА БІР КҮНДЕ ШЫҚТЫ. ОТЫЗ ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА КІРМЕК ТҮГІЛІ, ОТЫЗ ЕЛДІҢ АРТЫНДА ШАҢ ҚАУЫП ҚАЛЫППЫЗ.**

Енді келіп өткенді жамандап, елді басқарған экс-президенттің ит терісін басына қаптап жатырмыз. Кезінде соның қол астында қызмет жасағандар қазірде билікте, үкімет құрамында, әкімдікте отыр. Негізі Елбасының көзін бояғандар да осылар. Пәлендей жұмыс орны ашылды деп президентке тұсаукесерін қидырып, артынан банкротқа жібергендер жең ұшынан жалғасқан жемқорлар емей немене. Қарағанды облысында ұшақ шығаратын кәсіпорын ашылды. Ұшақ шығаратын болдық деп бөркімізді аспанға аттық. Аяғы сиыр құйымшақтанып жоқ болды. Нұр-Сұлтан қаласындағы аэропортқа бара жатқан жол жағасындағы қадалары қадалып, миллиардтаған қаржыға жоспарланған ЛРТ нысанының құрылысы аяқталмай, бөлінген қаржыны талапайға салғандар бүгінде Америка асып соттан жал-

әлеуметтік теңсіздік үшін ереуілге шыққанын айтты. Экс-Президент Елбасы Н. Назарбаевтың тұсында да, халық жаппай ереуілдетпесе де, Маңғыстау өңірі 2011 жылы алты ай әлеуметтік теңсіздікті айтып алаңда жатып алды. Алайда, елдің мұңшеріне патша да, үкімет те құлақ аспады. Есесіне елге оқ атылды. Құқықтары табанға жаншылды, бас көтергендер сотталды. Жер мәселесімен ереуілдеткендер қуғынсүргінге ұшырады. «Халық жалқау, бәрін үкімет берсін дейді, олай болмайды ауылдағылар екі сиыр алып күндеріңді көріңдер» , – деген патша тағылымы күлкіге айналды. Сол екі сиырды жаятын жер, шабатын шөп, жемді қайдан аламыз деген бұқара билікке тісін қайрап жүрді. Ақыр аяғы қаңтар қырғыны болды. «Екі түйе сүйкенсе арасында шыбын өледі» демекші бейбіт шеруге шыққандарды арандатушылар қой-

тарып, бұл іске Кәрім Мәсімовтың қатысы бар деп «Үшбу» хат жолдап, өздері қашып жүр. Кезінде Елбасы да үкіметті Кәрім Мәсімов басқарып тұрғанда: «Кәсіпорын ашылды деп мені алып келіп лентасын қидырасыңдар, ал ертесі кәсіпорын жабылады. Бұл не қылған көзбояушылық», – деп айтқаны бар. Бір ғана Кәрім Мәсімовтың тұсында ғана емес, оған дейінде, одан кейінде үкіметті басқарған шенділердің қырық өтірік айтатын тазша баладан асып түспесе кем соқпағанын уақыттың өзі көрсетті.

«Бақсам бақа екен» демекші, өтірікті судай сапырып, Қазақстанда орташа еңбекақы 500 000 мың теңге деп Елбасын имандай сендірген шенеуніктердің жасы да, жасамысы да кешегі Кеңестік жүйенің бес жылдық жоспарын бойларына сіңіріп алыпты. Кеңестік кезеңде жоспар орындау үшін социалистік жарысқа түсіп, ауысталы қызыл ту үшін жан алып, жан берісетін. Жоспарды артығымен орындау үшін егістік жерлердің гектарларын жасырып, мал төлдетуде неше түрлі құйтырқы әрекеттерге баратын. 100 қойдан 180-200 қозы алды деген шопандардың кеуделері медальға толатын. Бұл өтіріктен де Панфилов ауданына қарасты Үшарал ауылында колхоз басшысы мен ферма меңгеруішісінің арасы суып арыз жазылып, сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетіне «Қоздаған қошқарлар» деген сыни мақала шығып, аяғы сотқа ұласып, колхоз председателі қызметтен кетіп, мамандар жауапқа тартылған-ды. Сол өтірік тәуелсіз Қазақстанда әлі өмір сүріп келеді. Неткен ғұмыры ұзақ, өлмейтін, өшпейтін шайтан құбылыс бұл. Патшаның көзін бояған үкімет, үкіметтің көзін бояған жергілікті әкімқаралар өздерінің ұпай сандарын түгендеп бұқара халықты басып, жаншып келгені енді айтылып жатыр. Онда да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел дүрліккеннен кейін кетерілістің себеп-салдарын анықтап, бар гәп, халықтың

дай иіріп, жылқыдай жусатты. Бұған құқық қорғау органдарының асыра сілтеуі қосылды. Көк сандықтың түймесін басып, ғаламторды ашып қалсаң «баламыз террорист емес, абақтыдан шығарыңдар» деген аналардың мұң-зарын көресің. Айран ішкен құтылды, шелек жалаған тұтылды, бұл атыс-шабысты жасағандар кландар арасындағы бақталастар ұйымдастырды дейді. Мұндай пікірді Елбасының кеңесшісі болған экс шенеунік Ермұхамет Ертісбаев та әлеуметтік желіде жүрген сұхбатында жоққа шығармайды. Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді деген осы да. Осы қанды қырғын болмаса халықтың көңіл-күйі, әлеуметтік тұрмысы бір қалыпты болса құда да, құдағи да тыныш болмас па еді. Әлемге күлкі де, түрпі де болмайтын едік. Әлеуметтік теңсіздіктің кесірінен ереуілді бастап берген мұнайлы өлке Батыс өңірі әлі еңбекақымызды көтеріңдер деп табандап сұрап жатқан жоқ па? Әлеуметтік теңсіздіктің ушыққанын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та айтып, Қазақстандағы бар байлық 162 бай-манаптың уысында кетке-нін, Қорғас кеденіндегі, Алматыдағы «Алтын Орда» базарындағы былық-шылықтарды жоюды құзырлы органдарға тапсырды. Кедей-кепшіктер тапқан нанын көз жасына шылап жесе, жердің асты-үстіндегі байлықты елге үлестіріп бермей, туғандарымен бірге, құда-жекжат, тамыр-таныстарына үлестірген патшаның қартайып, қалжырағанында абырой беделінен айырылып, өз еліне жеккөрінішті болуын келесі патшалардың басына Құдай бермей-ақ қойсын. Ел басқарғандар астамшылдықтың ер-те ме, кеш пе бір сұрауы боларын, халықтың теңіз, ханның көбікке айналатынын біліп, өткеннен сабақ алса екен дейміз. Шынтуайтында, бұқараның көңілі әлі құпті. Әлеуметтік саланың оңалары бір үміт, бір күдікпен қарайды. Базарларда, дүкендерде азық-түлік бағасы сол баяғы таз кепешін киіп

тұр. Мысалы сиыр еті – 2200, жылқы еті – 2500, қазы-қарта – 2900-3000 теңге көлемінде тұр. Арзандамақ түгілі керісінше көтеріліп барады дейді қала тұрғындары. Президент тапсырмасынан кейін сарапшылар орташа жалақының нақты көлемін есептеп шығарғандарын айтты.

Ресми деректер бойынша, Қазақстанда орташа жалақы қазір 275,5 мың теңгені құрайды және үнемі өсіп келеді десе, Мемлекет басшысы мұны шындыққа жанаспайды, халықтың табысы жалақыдан гөрі әлеуметтік жәрдемақыларға көбірек тәуелді деп сын тезіне салды. Ал әлеуметтанушылар сандардың айырмашылығын жілік шаққандай талдапты, зер салып көріңіз.

*«Егер біз кірісті алатын болсақ, онда күзде мысалы, шамамен 38% адамның отбасылық жиынтық табысы 100-ден 200 мың теңгеге дейін болған, ол шамамен 23%-ның табысы 200-ден 300 мың теңге. Бірақ бұл бізде қолданылатын көрсеткіш. Міндетті түрде отбасы коэффициентіне бөлу керек. 100-ден 200 мың теңгеге дейінгі табысты 4-ке бөлсек, сонда Президент айтқан 50 мың теңге шығады. Егер біз өңір бойынша бөлсек, онда басқаша көрсеткіш пайда болады»*, – дейді Стратегия әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының президенті, Гүлмира Илеуова. Елбасыға әлгі Қазақстанда орташа табыс 500 000 теңге деген мәліметті де осы статистика мамандары берген шығар. Оларды да көзбояушылыққа баруға мәжбүрлегендер болған шығар. Ең жоғары жалақы алатын Самұрық қазына, мұнай-газ саласындағы лауазымды шенеуніктер және облыс әкімдері мен аудан әкімдері Ақордада есеп бергенде жалақыларын жар салып айтты. Мұны көрген: тапқандарына талқан сатып алуға жетпейтін қарапайым жұмысшылар мен мемлекеттік қызметтің төмен сатысындағы адамдар таңдайларын қақты. Пәтерден-пәтерге көшіп, тапқандарын не кимеге, не тамаққа,

не коммуналдық төлемдерге жеткізе алмай, екі күннің бірінде некесі бұзылған жас отбасылар қаншама. Республика бойынша статистикалық мәліметке сүйенсек, Қазақстанның қай жоғарғы оқу орындарын бітірген түлектер ең жоғары жалақы алатыны белгілі болыпты. Бұл жағынан Атырау облысында ең жоғарғы орташа жалақы 420 мың теңге. Сондай-ақ алғашқы үштікке Нұр-Сұлтан қаласы мен Маңғыстау облысы кірді. Көш басында тұрған Маңғыстауда қарапайым жұмысшылар неге ереуілдетіп жүр. «Алатынмыз 150 000 мың теңге қай жыртығымызды жамаймыз, зауыт қожайындары мен инженерлер жоғары жалақы алады. Біз құлдан да жаман болдық, қит етсе жұмыстан кет дейді», – деп жұрт ұлардай шулап жатыр. Ең төменгі орташа жалақы Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында. Бір ғажабы, ең төменгі орташа жалақыда Алматы облысы көрсетілмеген. Мұндай сандар қайдан пайда болды деген сауалға ұлттық статистика бюросында кәсіпорындар қызметкерлердің жалақысы туралы есеп береді екен. Кәсіпорын демекші, Талдықорған қаласында акумулятор, темір зауытынан басқа ірі кәсіпорындар жоқ. Халықтың көбі базар жағалап құрылысқа жалданып, жұмыс істейді. Олардың алатын жалақылары көңіл көншітпейді. Құрылыс саласында жүргендердің көбі жалпы республика бойынша кей кездері жалақыларын ала алмай ереуілдетіп, соттасып жүргендерін көресің. Медицина саласында жедел-жәрдем жүргізетін жүргізушілердің ереуілі дүркін-

дүркін қызуы көтеріліп тұрады. Ал, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын анда-санда алатын сыйақыларын қоссқанда, орташа жалақыдан сәл жоғырлау ғана. Бұл қарапайым мамандардың еңбекақысы. Күні кеше ғана 24.кз телеарнасында халықтың күнкөріс деңгейінің 2021-2022 жылға арналған көрсеткіші жарияланды.

Күнкөріс деңгейі 2021 жылы – 34 302 теңге, 2022 жылы – 36018 теңге,

Айлық есептік көрсеткіш 2021 жылы – 2917 тенге, 2022 жылы – 3063 теңге,

Ең төменгі айлық табыс 2021 жылы – 42 500 теңге, 2022 жылы – 60000 теңге,

Базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 2021 жылы – 18 524 теңге, 2022 жылы – 19 450 теңге.

Қазақстандықтардың нақты қаржылық жағдайы ресми сандарға қарағанда әлдеқайда төмен екені мәлім, азаматтарымыздың көпшілігі аз жалақы алады. 60-70 мың, әрі кетсе 100-120 мың теңге болатыны айтылды. Бұл шынайы ақиқат. *«Статистика тұрғысынан қателіктер бар екенін айтып, жағдайды жақсы етіп көрсететін әдістемелерді қолданатын сандардан кетуіміз керек»*, – дейді саясаттанушы Расул Жұмалы.

Алматы облысының баға комитетіне облыстағы ең жоғары жалақы алатындар мен орташа және төменгі жалақы алатындар туралы сұрадық. Олар арнайы хат жолдауды, әрі одан 2-3 күн аралығында жауап болатынын айтты. Біз оны күтіп тұра алмадық...

### ТҮЙІН ОРНЫНА:

Балтырларын байпақ қысқан бай-манаптар мен кебенекке оранып күнелтіп жүрген кедейлердің дәуірінде өмір сүрудеміз. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» десекте, адал еңбекақысын ала алмай, зар жылап жүргендер мен үрпі ішіп, шайқап тегін жүргендердің арасы жер мен көктей. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы 10 жылда әлеуметік саланың әлсіреуі, ең төменгі күнкөрістің ашық айтылуы, қотырланған қоғамның соясын қасығандай болды. Енді осы теңсіздікті жою, бұқарамен санасу, асты-үсті қазба байлыққа толған жер қазынасы «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпеуі керектігін айтты. Ереуілден есі шыққан биліктегілер «Күлтөбенің басында күнде жиналып жиын өткізіп жатыр. Қара халық әділдікті талап етіп, басшыға талап қоюда. Әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық жойылмай, елді сабырға шақыру абырой әпермейді. «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» дегенді Абай тектен-тек айтпаған шығар. Су жұқпайтын суайттың шекпенін жамылған бұрынғы биліктің бетпердесі ашылды. Енді, жаңа билік өтірікті өкіртіп айтпайтын шығар.

**Айтақын МҰХАМАДИ**

## Дүйсенбі - Понедельник, 21 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.35 Әнұран
06.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25 Masele
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Apтa»
16.05 Д/ф «Дәуір даналары»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 Т/х «Күйеу бала»
00.55 «Тәуелсіздік тәуекелдері»
01.45 «Ashyq Alan»

### ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Кино. «Последние холода»
06.00 Discovery: Сквозь червоточину с Морганом Фрименом
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Твои, мои и наши»
12.00 «Тайны. Судьбы. Имена»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
16.00 Сериал «Дело Батагами»
18.00 Мегахит «Механик»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Д/ф «Трагический январь»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.30 «Біреудің есебінен»

### АСТАНА

06.00 Т/х Хон Гиль Дон»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20 «Жауынгер»
13.30 Худ/ф «Арман. Когда ангелы спят»
15.30 «Аналар»
16.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Ой мен ойын»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.10 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
04.00 «Біздің ауыл»
04.50 Т/х «Белгісіз жан»
05.30 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «Поле чудес»
10.20 Сериал «Не было бы счастья»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины»
00.20 «Цыпленок жареный»
01.25 «Серебряный волк»
02.45 «Паутина»
03.55 «Әйел сыры»

### КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Аманат»
09.20 «Астарлы ақиқат»
10.20 «Өмірдің өзі новелла»
12.00 «Счастье наполовину»
14.00 «Чума» криминальная драма
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат. Таныссыз таныландар»
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Бедная Саша»
23.35 «Лесник. Своя земля»
01.30 «Чума» (повтор)
02.55 «Өмірдің өз новелла»
04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»

### ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30 31 әзіл
10.00, 01.30 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Күліп All»
13.00 «Маша и медведь»
13.50 Сериал «Городские легенды»
14.50 Худ/ф «Пастырь»
16.50, 18.30 Сериал «Отель Элеон»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.55 Сериал «Анупама»
23.30 Худ/ф «Когда звонит незнакомец»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20, 01.25 Сериал «Гадалка»
10.30, 19.30 Сериал «Цена жизни»
12.30, 02.00 «Q-Елі»
13.10, 22.25 «Бастық боламын»
15.10, 00.25 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.25 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
21.30 Т/х «Көрші»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

## Сейсенбі - Вторник, 22 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Masele»
15.55 «Біздің полиция»
16.10, 23.30 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Ashyq Alan»
01.50 Футбол. «Вильярреал» - «Ювентус»

### ХАБАР

05.00, 16.00 Сериал «Дело Батагами»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Механик»
12.00 Т/х «Бәсеке»
13.00 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Союзники»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.30 «Түнгі хабар»
00.00 «Біреудің есебінен»

### АСТАНА

06.00 Т/х Хон Гиль Дон»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20 Т/х «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 «Жемчужина дворца»
16.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Ой мен ойын»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.10 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
03.50 «Айтарым бар»
04.50 Т/х «Белгісіз жан»
05.30 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.20 «Цыпленок жареный»
12.10 «Семейный альбом»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины»
01.25 «Серябрянный волк»
02.45 «Паутина»
03.55 «Әйел сыры»

### КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.20 «Астарлы ақиқат»
10.20 «Өмірдің өзі новелла»
11.40 Новости
12.20 «Бедная Саша»
14.20 «Лесник. Своя земля»
16.30 «Чума» криминальная драма
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат. Таныссыз таныландар»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Бедная Саша»
23.35 «Лесник. Своя земля»
01.30 «Чума» (повтор)
02.55 «Өмірдің өз новелла»
04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»

### ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Зерде»
11.30 «Жанашыр»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.55 роликтер
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 21.55 «Анупама»
10.00, 01.40 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Күліп All»
13.00 «Маша и медведь»
13.50 Сериал «Городские легенды»
14.50 Худ/ф «Когда звонит незнакомец»
16.50, 18.30 Сериал «Отель Элеон»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.40 Худ/ф «На расстоянии удара»
02.40 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20, 01.25 «Гадалка»
10.30, 19.30 Т/с «Цена жизни»
12.30, 02.00 «Q-Елі»
13.10, 22.25 «Бастық боламын»
15.10, 00.25 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.25 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
21.30 Т/х «Көрші»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

## Сәрсенбі - Среда, 23 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Дала өркениеті»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 «Kelbet»
15.40 Д/ф «Қазақтар»
16.10, 23.30 Т/х «Күйеу бала»
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Ashyq Alan»
01.50 Футбол. «Атлетико» - «Манчестер Юнайтед»

### ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «Дело Батагами»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Союзники»
12.00 Т/х «Бәсеке»
13.00 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит «Черные воды»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Біреудің есебінен»

### АСТАНА

06.00 Т/х «Хон Гиль Дон»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20 Т/х «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 «Жемчужина дворца»
16.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Ой мен ойын»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.10 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
03.50 «Айтарым бар»
04.50 Т/х «Белгісіз жан»
05.30 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Модный приговор»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.15 «Офицеры»
11.10, 00.20 «Цыпленок жареный»
12.10 «Семейный альбом»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины. Возвращение»
01.25 «Серябрянный волк»
02.45 «Паутина»
03.55 «Әйел сыры»

### КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.20 «Астарлы ақиқат»
10.20 «Өмірдің өзі новелла»
11.40 Новости
12.20 «Бедная Саша»
14.20 «Лесник. Своя земля»
16.30 «Чума» криминальная драма
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат. Таныссыз таныландар»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Бедная Саша»
23.35 «Лесник. Своя земля»
01.30 «Чума» (повтор)
02.55 «Өмірдің өз новелла»
04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»

### ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 21.55 Сериал «Анупама»
10.00, 02.00 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Күліп All»
13.00 «Маша и медведь»
13.30 Сериал «Городские легенды»
14.30 Худ/ф «На расстоянии удара»
16.50, 18.30 Сериал «Отель Элеон»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.40 Худ/ф «Исскуство войны»
03.00 Сериал «Базарбаевтар»
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20, 01.25 Сериал «Гадалка»
10.30, 19.30 Сериал «Цена жизни»
12.30, 02.00 «Q-Елі»
13.10, 22.25 «Бастық боламын»
15.10, 00.25 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.25 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
21.30 Т/х «Көрші»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

**Открылось наследство после смерти Аитбековой Советжан Хасеновны, умершей 12.10.2021 г. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., г. Талдыкорган, ул. Шевченко, д 146/4, т: 41-37-73, в срок до 12.04.2022 г.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ АЯСЫНДА

# БІЛІМ САЛАСЫНДА ілкімді істер көп

**ОБЛЫСЫМЫЗДА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА АЙРЫҚША НАЗАР АУДАРЫЛЫП, ЖЫЛ САЙЫН БӨЛІНЕТІН ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ ДЕ АРТЫП КЕЛЕДІ. ӨТКЕН ЖЫЛЫ 363,6 МЛРД.ТЕҢГЕ БӨЛІНСЕ, БИЫЛ 407,7 МЛРД.ТЕҢГЕ ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫР. БҰЛ ТУРАЛЫ «ЖЕТІСУ МЕДИА» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢЫНДА ӨТКЕН БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫНДА ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ЖАҢЫЛ СҮЛЕЙМЕНОВА МӘЛІМ ЕТТІ.**

«Сапалы білімге қолжетімділікті арттыру» тақырыбында өткен баспасөз мәслихатында баяндама жасаған Ж.Сүлейменованың сөзінше, облыста апатты жағдайдағы мектептердің мәселесі толық шешіліпті. Өткен жылы Панфилов ауданы, Аққұдық ауылындағы апатты мектептің орнына 120 орынды жаңа мектеп салынса, Іле, Қарасай, Талғар, Панфилов, Ескелді аудандарында 8 мемлекеттік білім ошағы және 7 жекеменшік мектеп пайдалануға берілген. Бұл арқылы үш ауысымды оқытуды жою мәселелері де біртіндеп шешімін тауып жатқанын баяндамашы баса айтты. *«Осы мақсатта биылғы наурыз айында Қарасай ауданының Үштерек ауылында 600 орынды орта мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде. Ағымдағы жылы 38 оқу ошағының құрылысын жүргізу, 20 білім беру мекемесін күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Сапалы білім беру және студенттердің өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында өткен жылы «Үшқоңыр медресе колледжіне» 100 орынды жатақхана пайдалануға берілді. Талдықорған музыкалық колледжіне жатақхана салынуда. Талғар агробизнес және менеджмент колледжінің жатақханасын қайта жаңғырту жоспарлануда. Қаратал ауданы Үштөбе қаласындағы гуманитарлық колледжге 30 орынды жатақхана салу туралы шарт жасалуда. Құрылыс жұмысы биыл аяқталуы тиіс»,* – деді ол.

Баяндамада белгілі болғандай, облыста 1392 мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмыс істейді. 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 98,6 пайызды, 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту 94,2 пайызды құрайды. Былтыр 207 мектепке дейінгі ұйым ашылған, оның 202-сі жекеменшік балабақша.

Бүгінгі таңда облыс мектептерінде 443 875 оқушы білім алуда. Өткен II тоқсанның қорытындысы бойынша қала мектептерінде білім сапасы 62, ауыл мектептерінде 63,4 пайызды құрады. Қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім берудегі алшақтықты жою мақсатында шаралар қабылдануда.

Өңірдегі білім ошақтарында аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға тегін ыстық тамақ ұйымдастырылған. Биыл әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды дәруменделген тегін ыстық тамақпен қамту жоспарлануда екен.

Өңір бойынша 300 елді мекеннің 18817 оқушысына тасымалдау ұйымдастырылған. Оқушыларды сапалы тасымалдауды қамтамасыз ету мақсатында лизингке 43 автобус алу жоспарлануда. Сондай-ақ, жыл сайын оқулықтар қоры жаңартылып келеді. Барлық мектеп интернет желісіне қосылған. Өткен оқу жылында облыс мектептеріне 4263 педагог келсе, оның 1667-сі жоғары оқу орындары мен колледждерді бітірген жас мамандар болып отыр.

Сонымен қатар «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша өткен жылы 717 маман көтерме жәрдемақы алса, 475 маман үй алу үшін несиеге қол жеткізген.

Былтыр еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жергілікті бюджет қаражатынан 250 білім беру гранты бөлінген. Оның негізгі дені көпбалалы және аз қамтылған отбасы жеткіншектеріне, мүгедек, жетім және толық емес отбасынан шыққан балаларға берілген. Биыл да 250 грант беру жоспарлануда, оның 80 пайызы техникалық мамандықтарға тиесілі болмақ. Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 552 млн.теңге бөлініпті. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 5 мектептің асханасы жаңғыртылған. Жаңа модификациядағы 185 пән кабинеті сатып алынған. Биыл 136 мектепке жаңғырту жүргізілмек екен.

Өз сөзінде Ж. Сүлейменова білім саласында атқарылған бұдан өзге де бірқатар шаруаны тізіп берді.

Брифинг соңында журналистер көкейде жүрген сауалдарын қойды. Соның бірі: «Онлайн оқыту білім сапасының төмендеуіне әсер ете ме?» деген сауалға Жаңыл Мағданқызы қашықтан оқыту кезінде де оқушылардың түрлі олимпиадаларға қатысып, жеңімпаз атанғанын, оқимын деген оқушы қандай жағдай болмасын оқитынын айтты.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЭЛЕКТРОРЕТИНОГРАФ АППАРАТЫ САТЫП АЛЫНДЫ

***Талдықорған қаласындағы облыстық аурухана көз мүгедектері үшін ең соңғы үлгідегі электроретинограф аппаратын сатып алды.***

Алматы облыстық «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлікен Дәркембаевтың айтуынша, Алматы облысы бойынша бірлестікте тіркелген 1-2 топтағы көз мүгедектерінің саны 1500-ге жуық. Сол мүмкіндігі шектеулі жандардың мүгедектікті алуы үшін Алматы қаласына барып толық тексеруден өтуі керек екен. Бірақ, олардың қаражаты жетпей, қалталары көтермейтіндіктен, осы мәселені алға тартып, бірлестікке өтінішерін білдіріпті.

*«Еліміз бойынша электроретинограф аппараты Алматы қаласында ғана бар. Мүмкіндігі шектеулі жандардың өтінішімен бір жарым жылдай жүгірдік. Облыс әкімдігіне, облыстық денсаулық сақтау басқармасы мен аурухана басшыларына мәселемізді шешіп берулерін сұрағанбыз. Айтылған сөз жерде қалмай, нәтижесін берді. Басшылық тарапы берген уәделерінде тұрды. Аурухананың бас дәрігері Анарбек Монголханұлы айтқандай, бұл – соңғы үлгідегі, республика бойынша нөмір бірінші аппарат болып табылады. Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы облыстық ауруханада осындай жаңа үлгідегі аппараттың қойылып отырғанына қуаныштымыз. Осы іске үлесін қосқандарға, әсіресе, аурухана басшысы Анарбек Монголға бірлестік атынан шынайы алғысымызды білдіреміз»* – деп ағынан жарылды Әлікен Әділбекұлы.

Аурухана басшысы А. Монголдың сөзіне жүгінсек, «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің ұсынысы бойынша ауруханаға осындай құрылғы алу керек деген хат түскен. Өткен жылғы бюджеттен үнемдеу жасалынып, 18 млн. теңгеге ең соңғы үлгідегі электроретинограф аппараты сатып алыныпты. Ендігіде, қоғамдық бірлестікте тіркеуде тұрған 1-2 топтағы көз мүгедектері, көз ауруына шалдыққан науқастар үшін осы аппарат арқылы қызмет көрсетілмек. Бұл құрылғымен жұмыс істейтін маман, аурухананың офтальмолог-дәрігері Индира Хамитова да арнайы дайындық курсынан өтіпті. Көз дәрігерінің жаңа аппарат арқылы басталған жұмысының алғашқы күнінде өңірімізден келген 10 адам толық тексеруден өтті.

**С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.**

МЕДИЦИНА

# ОЙЫЛУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАУІП ФАКТОРЛАРЫ

**ОЙЫЛУ ЖАРАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ МӘСЕЛЕСІ БҮГІНДЕ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ. НАУҚАСТАРҒА КҮТІМ ЖАСАУДЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН ӘРТҮРЛІ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҮЛКЕН ТАҢДАУЫНА ҚАРАМАСТАН, ОЙЫЛУ ЖАРАЛАРЫ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ САНЫ АЗАЙМАЙДЫ.**

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, гигиенаның барлық талабы міндетті түрде орындалса да, ойылу жаралары әлі де пайда болуы мүмкін. Ұзақ уақыт бойы төсекте немесе орындықта болған науқастар мен мүгедектерде ойылу жаралары пайда болуы мүмкін, бірақ бұл көбінде болмайды. Мұның бәрі науқастар денесінің жағдайын қаншалықты жиі өзгертетініне байланысты.

Ойылу (decubitus) – жұмсақ тіндер төсек бетімен қысылатын жерлерде жүйелі қысымға ұшыраған, әлсіреген науқастарда пайда болатын дистрофиялық немесе ойылу жаралы – некротикалық сипаттағы тіндердің патологиялық өзгерістері. Жұмсақ тіндердің жаралары иммобилизацияланған адамдарда (инсекторлар, жамбас, өкшелер және шынтақтар) бастапқы сүйек нүктелерінің қысымынан немесе үйкелісінен пайда болады. Айнымалы қысым төсеніштері (ойылуға қарсы) ауыспалы қысым төсеніштеріне қарағанда үнемді болғанымен, қысымның алдын алу үшін тұрақты төмен қысымды жоғары сипаттамалы тірек беттерінің және ауыспалы қысымды тірек беттерінің артықшылықтары туралы дәлелдер базасы түсініксіз.

Ойылу жарасының алдын алу үшін науқастарға күтім жасау шараларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар: ойылу жарасының даму қаупін бағалаудың қазіргі заманғы жүйесін енгізу; алдын алу бағдарламасын жасау; ойылу жарасының даму жиілігін төмендету және ойылу жарасының инфекцияларының алдын алу; ойылу жарасының даму қаупі бар науқастардың өмір сүру сапасын арттыру; туыстарын күту бойынша оқыту; мастер-класстар, практикалық сабақтар өткізу.

Ойылу жарасына қарсы төсеніштерді білу, ойылуды емдеудегі егжей-тегжейлі зерттеу болашақ кәсіби қызметте пайдалы болары сөзсіз және ойылу жарасы бар науқастарға көмек көрсету сапасын жақсартады.

Жұмыс нәтижелері бойынша қорытындылар:

1. Ойылу жарасы қозғалыссыз жататын науқастардың ең көп таралған ауруларының бірі болып қала береді, ал қазіргі фармакологияның жетістіктеріне қарамастан, дәрілік терапия аурудың созылмалы ағымын тоқтата алмайды және көп жағдайда науқастардың ойылуға қарсы төсеніштерді кеш пайдаланып жатады.

2. Ойылу жарасы кезіндегі мейірбикелік күтімнің негізгі бағыттары мен іс-шаралары аурудың ерекшеліктерімен және ықтимал асқынулардың сипатымен анықталады. Сонымен қатар, мейірбикенің рөлі тек медициналық іс-қимылды орындауға ғана емес, сонымен қатар ойылу қаупін бақылау.

3. Ойылу жарасы бар науқастарды кешенді терапия курсында қимыл қозғалыс бойынша арнайы әзірленген ұсыныстарды оқытуда оң клиникалық әсер етеді және аурудың өршуі мен асқынуларының жиілігін төмендетуге көмектеседі.

4. Ұзақ мерзімді кезеңдегі бақылаулар ойылу жарасы бар науқастардың көпшілігі тері күтімін үйренгеннен кейін ойылу жарасының болдырмауына көмектеседі.

**А. АҚҚАЛИЕВА,**
**ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКК «Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.**
**Ғылыми жетекшісі:**
**Ж. САҒЫНДЫҚОВА.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

*Әңгіме*

# АМЕРИКАНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҒЫ

Аңшы дара ауыз мылтығын құндағынан омырып, майға шыланған матамен қайта-қайта ысқылай сүрткен. Төңірекке «Қапардың қанды ауызы» атанып кеткен мылтықтың шынболатына өң кіріп жылтырай қалды. Жарықтық әкесінің көзіндей қару ғой.

Қошалақтың адыры мен төбе, тепсеңін сыдырып аң қағып, қанжығасына қоян байлап қайтса да мейірленіп: «Бұл мылтықтың аузына мың аң сыйып кетеді», – деп күмпілдеп жер-көкке сыймай оралатын.

Шалы олжалы келсе, шешесі өз етегіне өзі сүрініп жүріп имекбас жез құман мен легенді алдына тосып, ақ сүлгіні тізесіне тастап жылы суды сыздықтатып құяр.

– Осы заманда қай қазақ қазан қақпағын булап жас етті күн сайын жеп отыр дейсің? – деп, шегір көз ақ шұнақ шал танауына уысын толтырып су атып жіберер еді. – А? Ырысы алысқа шашыраған мына біз шығармыз. Анау ойдағы ел қуаты жоқ көк қыртылдақ қызыл шылқылдақпен күнелтіп, тісінің суын сорып шықылықтап отыр.

Даладағы аңды қорасындағы малдай көріп жүріп дәулет те жинамапты. Соңында мұраға қалғаны – айдаладағы жалғыз тоқал там мен осы қанды ауызы, бес-алты уақ жандық.

Күн байығасын пеш жанында тұрған пілте шамды тұтатты. Көлеңке ыдырап үйдің төрт бұрышына тығылды. Қазан астындағы от бәсеңси бастаған екен, ошақ аузында жатқан жыңғылдың үш-төрт түйірін қосымша етті. Жас еттің иісі жайылып, қараша үйге жылылық енді.

Пеш түбінде жатқан қызыл құрақ көрпеге тізе сындырып қабырғаға қараған, әкесі мен шешесінің үлкейтілген суретіне көзі түскені. Пілте шамның сығырайған сары бояқ сәулесімен ақ шұнақ шал тіпті нұрланып кеткендей.

Шегір көзіне жылу жүгіріп: «Қасқырдың бөлтірігін алмас бұрын арланы мен қаншығын құрт. Әйтпесе, аяқ жетер жердегі малшыларды ұлардай шулатып бітеді», – дейтіндей.

Әкесінің қасқыр қақпандай шаппа-шап мінезіне қанық Қапар ақ шұнақ шалды ғұмырында бір-ақ мәрте ашуландырыпты.

Онда да әскерден келетін жылы. Онда да әлгі интернатта жатып оқитын екі-үш жаманның шешесі Қадишаны алар жолы. Өз-өзінен желденіп, әскер киімін шешпей үсті-басын сары ала жез ғып төрт-бес ай жүріп алған. Сол беделдің арқасында ғой…

Көрші ауылдың үстін ертеңді-кеш шаңытып шауып, оң босағада отырған қызды оңтайлап жібергені…

Құда түсіп «міне, міне, той» деп отырғанда шар ете қалған шатақ тұтансын. Азын-аулақ ағайынның басын қосып ақылдасар шайда әкесі:

– Құдаға жеңі бар көйлек салғалы отырмыз, – деп берілер китті тізбелеген.

– Дырдай құдаға жағалы киім кигізбеу ұят емес пе, – деп қалды бұл дастарханға еміниіп-еміниіп қойып.

Аз дәулетін тұтамдап отырған әкесі шегір көзінің сұғымен аямай шанышты. Бірақ ләм демеді. Момындықтан бас алмайтын шешесі ғана: «Тек, көбейгір», – деп күбірлеп тынды.

– Құдағиға ше? – десіп азын-аулақ ағайыны емпілдесіп барады.

– Құдағиыма гүлді орамал деп отырмын, – деді шешесі даусын одан әрі бәсеңсітіп.

– Өй, орамалы несі? Тым болмаса қамзол бермейсің бе? – деді тағы да бұл шыр етіп.

– Апырым-ай, қарағым-ай, әскерден қатынның зары өтіп келген екен, жағаласпай қоя тұрсаңшы, – деп нағашысы басу айтқансыды.

– Ал, тойға не соямыз?

– Қасқа сиырды соямыз да, – деді бұл жолы қапы қалмайын деп әке-шешесінің алдын орап кетіп.

– Әкең не айтар екен? – дейді нағашысы түскір жантайып жатып.

«Қатын алатын мен, қалған шаруаны қамдайтын бұлар, неткен әділетсіздік?!» – деп өзіне анық билік тимей зығыры қайнап отырған Қапар да қарап қалмады.

– Әкем шоясын біле ме?

Сол сол-ақ екен, ақ шұнақ шал аруақ көтергендей орнынан мөңкіді дейсің. Тұлыптай боп ісініп, сырт терісі сөгіліп кете жаздаған.

– Уау, атаңа нәлет, қатын алған жалғыз сен бе едің?!

О несі, а? Жалғыз сиырды тойға сойып, ертең келінді сауып шайқатық қылайын деп пе ең, а?

Азын-аулақ ағайын қолға тұрмай қақшаңдаған ақ шұнақ шалды: «Бір ашуыңды қи, көкетайлап», – жатып, әзер басқан…

Шамның сары бояқ сәулесі жүздерінде ойнаған әке-шеше суреті жарға арқа сүйеп бұған «әй, балам-ай»,– дейтіндей.

Қапар мылтығын қайта құрастырып, оқшантайын босағадағы шегеге ілді. Қазан енді бір-екі бүлк етсе ет те туырылып түсе қалар. Ертең алакөбеңде тұрамын, ерте қамданайын деп дастарханға қол соза беріп еді, сырттан ат оқыранды.

Артынша есік сықырлай ашылып «Ассалаумағалейкөм» деп еңкіш келген шынжау сары жігіт еніп келе жатты.

– Әлік алдым. Төрге оз!

– Ау, Қапеке, жалғыз өзің шошайып бұл не отырыс? Апам қайда? – деп шынжау сары екі бұтын құшақтастырып отыра кетті.

– Е, өзіміздің Жетес екенсің ғой. Жол, болсын!

– Сайлаудың сабылысы. Кандидаттарға дауыс беріңдер, депутат жасайық деп ел-жұртты үгіттеп жүрмін.

Қадишамен әріден аталастығы бар әрі бар жаһанның жаңалығын аузына тістеп жүретін осы жігіттің әр қылығы қыр адамына қызық-ақ.

– Қадиша интернатта жататын екі-үш жаманға кеткен. Жолаушыдан сәлем айтып жіберіпті. «Апамның қызыл қуырдағын сағындық», – деп. Ортақ қазанның быламық көжесінде кенеу бар ма, қоңылтақсып қоңқылдап жүрген ғой иттер!

– Қашан қайтады?

– Дүкенге соғып, ертең кештетіп жығылар.

– Оңаша қалып қара қазанның иелігі қолыма басы бүтін тиді деп жатыр екенсің ғой. Дұрыс! – деп Жетес дастарханға омырылды. – Қойдың басы несі?

– Ақта тоқты еді. Етін сылып, қуырдақ етіп апаң қарынға салған. Басы мен бес тал қабырғаны қай құдам келеді деп сақтайын? Қазанға тоғытқам. Несібең әр қазанда жүрген жігітсің ғой, саған бұйырды.

– Бәрекелді! Тоңып келгем. Жазғытұрғы жел жардай атанды жығады деген. Әрі мына талау келгір торының жүрісі жаман. Асқазанымды сапырып бітті.

Қапардың қолына тигені – бір шөкім құйқа, қалғаны Жетестің алдынан жалаңаштанып шықты.

– Апырым-ай, мына қойда түк ми жоқ, өрістен үйді қалай тауып кеп жүр? – деп аппақ миды асап жатып үй иесіне алақ-жұлақ қарайды. Қапар бір тал қабырғаның басын мүжіп жатып мырс етті.

– Сайлау деген тұп-тура сорыма шықты, – десін ыстық сорпаны алып жатып. Әлгіндей емес, жұтқыншағы жүгірмей қалыпты, ішіне ел қонған-дағы.

– Сақибеден мен әйелі Ағиба депутатқа таласып мал қораның басын жау шапқандай етті.

– Ойбай, бар қызық сенде болды.

– Айтпа. Күйеуі кетеден шыққан Сейсенбайды қолдап, қатыны тама Сәрсенбайды жақтап – қызыл майдан, қырық пышақ. Дүние ғаламдасамыз деп өңір тиегін ағытып жатқанда бұлар рудың сойылын соғып… Надандық, сені қайтейін? – деп дастарханға бет сипай салды. Надандыққа өкпелеймін деп отырып батаны да ұмытты.

– Қайсысы жеңді, қайсысы?

– Ағиба да. Бір шөкім кетені тама табанына тұрғыза ма, «осыдан growth» деп… Қатын қайраттанса қазан ғана қайнамас… Жә, қойшы оны! Ал, аң қалай, қанды ауызыңды сайлап отырсың ба?

– Шибөрі күн бермей тұр, – деп малшылар зар жылайды. Әуселесін көрейін деп отырмын.

– Шибөрі?

– Иә. Он шақты жыл болды ғой, Қошалаққа сондай бір мақұлықтың бауыр басқанына…

Жетес жантайып жатқан жерінен қопарылып түсіп, көпшігін іргеге қарай лақтырып жіберді.

– Шибөрі? – деді тағы да күлгені ме, жыламсырағаны ма – беймәлім, жүзі әлем-тапырық боп. Қарашығы маңып-маңып барып орнын әрең тапты.

Қапардың осы бір көп оқып миы ашып кеткен шынжау сарыны көрсе-ақ әзілдегісі кеп ұшынып тұратыны осы қылығы ғой. Мына жаңғалақ қалпымен Сақибеден мен Ағибаны төбелестірмей қайтсін?!

– Иә, шибөріге…

– Құдай сақтасын, – деп кері құлай кеткенде көпшігін таппай, басын тарс еткізіп жарға ұрды. – Ау, ау, айдың-күннің аманында ұлттық байлыққа мылтық кезеніп не көрінді, Қапеке-ау? Сорың шындап қайнаған екен! Мына сөз Қапардың жүзіне ойнап шыққан күлкіні үркітіп жіберді.

– Қайдағы байлық? Ол кімдікі?

Жетес кәлимасынан жаңылған жандай өз-өзінен күбірлеп айналасын қарманды. Бешпентінің ішкі қалтасынан төрт бүктелген қағазды алып тізесінің үстіне қойды.

– Қаламсабы түскір, – деп ышқырына дейін тінтіп таппады.

– Әлгі екеуін арашалаймын деп жүргенде жоғалттым-ау, шамасы. Қапеке, үйде жатқан-тұрған қарындаш бар ма?

– Оны не істейін деп ең? Емге жоқ. Ала қырдың ортасында қатын екеуіміз қарындаспен хат жазысып отыр дейсің бе?

– Қарындаш де. Надандық, сені қайтейін? – деп шарасызданған Жетес көзінде үрей тұнып тұрған үй иесіне қарап бас шайқады.

– Әу, Жетеке-ау, өлтірмесең айтшы, мен кімнің байлығына қиянат жасаппын?

– Шибөрі аулағаның рас па?

– Ал, рас!

– Ендеше, бұл – сонау Американың ұлттық байлығы боп мақұлданған мақұлық.

Қапар «пішт» деп күліп жіберді. Пішт! Қасқыр мен түлкінің ортасынан шыққан жаман шатаны әлдеқандай етуін. Бөрідей азу-айбаты, түлкідей айласы жоқ, жеті-сегізден үйір құрып, аш-арықты, өлексені аңдып қалған нәйіске оқтың өзі обал… Былтыр, қар алғаш түскенде ғой, Қошалақтың қоңырлығын қуалап желе-жортып келе жатса қамшылар жақта қалып бара жатқан сайдан шәуілдеген шибөрінің даусын естіген.

Байқастап қараса, қатын-баласы жамырап бір қора шибөрі қызыл тайыншаны ортаға алыпты. Жанжағынан шәуілдеп кеп тілерсегінен тістеп, құйрығына жармасып жіберер емес. Шыр көбелек айналып мүйізін шайқаған қызыл тайынша термен күреңітіп, арқасынан буы бұрқырап, көзі аларып титықтаған. Енді болмаса… Атты кісіні көріп сасқаны ма, шәу ете түсті де, аңтарылысып тұра қалды. «Ә, кәззап», – деп аңшы суыт кеп екі оқты байлаған. Өңгесі бір тұтам құйрығын бауырына қыстырып жоғалған. Қарға аунап өлі жүннен арылған екен, түгі қызыл сары боп жалқынданып құлпырады. Екі теріні барқыттай ғып илеп…

– Сонымен осы кезге дейін шибөрінің қаншасына иман үйірттің?

– Әй, айтшы, өзің солардың есебін ала шыққаннан саусың ба, осы? Тап бір бақташысы құсап тура алқымымнан жармасқаны несі?

– Ойбай-ау, сенен шибөріні аяп отыр дейсің бе? Қарақан басыңды қарап отырып қып-қызыл пәлеге шырмап алғаныңды айтам-ау, – деп Жетес төрт бүктеулі қағазын екінші тізесінің үстіне алмастырды. – Мақұрым екенсің, ендеше, шибөрінің тарихын тыңда! Техникасы мен адамы көбейген соң Американың жері тарлық етіп осы шибөріні Азия мен Африкаға әкеліп жіберген. Азия дегенің тұп-тура осы Қошалақ.

– Ал, сосын?..

– Сосыны несі? Әбден өсіп-өніп өркен жайғасын кері жинап алады. Ұлттық байлығын далаға тастайды дейсің бе?

– Апырым-ай, а?

– Осыдан он жыл бұрын осы жерден қасқыр мен қарсақ, түлкіден өзге мақұлық көріп пе ең, айтшы? Ендеше, үйір-үйір боп шәуілдеген қалпы аспаннан түсе қалмаған шығар?..

– Рас-ау! Сонда ол жазғандардың шибөріден басқа байлығы құрып қалып па?

– Надандық, сені қайтейін? – деп Жетес екі тізеде кезек тербелді.

– Олар тіпті шырылдауық шегірткені де ұлттық байлық көреді. Көздерінің қарашығындай күзетеді. Тәрбиелейді. Ілеуде бір құндыз бөрік киіп, түлкі жаға салып тайраңдап жүргендерді көрсе, бітті, табан астында сотқа сүйрейді.

– О несі?

– Тірі жәндікті өлтіргені үшін. Олардың да адам сияқты өмір сүруге құқығы бар. Демек, бұл қып-қызыл қылмыс!

Қапардың мына сөзден кейін мазасы қашып, ішіне үрей жүгірейін деді. Жетестің тізесінде жатқан төрт бүктеулі қағазға қарап еді, ұшты-күйлі жоқ. Қалтасына кері түсіп кетті ме, әлде… Қарындаштың табылмағаны мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе…

Қошалақта аң қуып, шап терлетіп шауып жүріп бар ғұмырын түгескен ақ шұнақ шал кейде мұның ісіне наразы боп: «Жатқан жатырың жұқа ғой. Жағаласа кетер жерде жапырыла қалуын. Қамшы ұстап дауға түсері жоқ ншең ынжыққа

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

# КАЗАХСТАН НЕ БУДЕТ ОТКРЫВАТЬ рынок для импортного автохлама

**КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ НА РАСШИРЕННОМ ЗАСЕДАНИИ ПРАВИТЕЛЬСТВА ЗАЯВИЛ, ЧТО КАЗАХСТАН НЕ ДОЛЖЕН ОТКРЫВАТЬ СВОЙ РЫНОК ДЛЯ ИМПОРТНОГО АВТОХЛАМА. ПРИ ЭТОМ КАЗАХСТАНСКУЮ АВТОСБОРКУ НУЖНО ПРОВЕРИТЬ, ПОСКОЛЬКУ ГРАЖДАНЕ СЧИТАЮТ, ЧТО МЕСТНЫМ АВТО НА ЗАВОДАХ ЛИШЬ ПРИКРУЧИВАЮТ КОЛЕСА, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ NUR.KZ.**

«В соцсетях постоянно муссируется информация, что большинство казахстанских авто якобы приходят практически в готовом виде: как говорится, остается лишь колеса прикрутить. Здесь видится значительная доза преувеличения. Причем, цель преувеличения понятна. Во всяком случае, надо выяснить, насколько это соответствует реальности, и принять меры», — заявил Токаев.

Президент добавил, что надо определиться со ставками утильсбора, но нужно избегать крайностей.

«По утильсбору мы приняли решение — все средства будут поступать государству. Теперь надо определиться с размером ставок. Рабочая группа активно обсуждает этот вопрос. Сразу отмечу: утильсбор будет пересмотрен, но нужно избегать крайностей, нельзя выбрасывать на ветер деньги, потраченные на развитие автопрома, и открывать свой рынок для откровенного импортного автохлама. Утилизационный и регистрационный сбор — это не самоцель. Главное — повысить доступность авто и сельхозтехники. Ожидаем соответствующей реакции от производителей и дистрибьюторов», — сказал Токаев.

Напомним, что 11 января Токаев поручил прекратить работу компании «Оператор РОП», а также заявил о необходимости пересмотреть ставки по утильсбору в стране. В конце января сообщалось, что новые ставки утвердят до конца февраля. Кроме того, сегодня премьер-министр Алихан Смаилов сообщил президенту, что ставки будут существенно снижены.

СПИКЕР МАЖИЛИСА

# НЕОБХОДИМО СДЕЛАТЬ ВЫВОДЫ

***Спикер Мажилиса Ерлан Кошанов предупредил депутатов, что необходимо сделать выводы из заявлений Президента и донести их до граждан в регионах, передает корреспондент Tengrinews.kz.***

*«Есть важный момент, на котором стоит остановиться. Вчера Глава государства поставил конкретные задачи, высказав острую критику по поводу накопившихся по сей день проблем. Самая главная из этих задач — восстановление потенциала страны, повышение доходов и благосостояния населения. Для достижения этих целей Президент выделил ряд приоритетных направлений: создание равных условий людям для занятия бизнесом, создание благоприятных рабочих мест для труда, решение вопросов по жилью, здравоохранению, сдерживание инфляции, изыскание дополнительных источников финансирования и развития малого и среднего предпринимательства. Думаю, вы все ознакомились»,* — обратился Кошанов перед началом заседания Мажилиса.

Он призвал депутатов сконцентрироваться на обеспечении социально-экономических задач соответствующими качественными законами.

*«Президент остановился и на произошедших неприятных событиях. Открыто заявил, что в стране растет число граждан, погрязших в долгах, и бедных людей. Особенно он подверг жесткой критике, что среди молодежи, потерявшей надежду на успех и добросовестную работу, появилась иждивенческая тенденция. Каждый из нас из сказанного должен сделать соответствующие выводы и действовать. Через неделю мы все выедем в регионы для встречи с избирателями. И тогда мы должны довести эти конкретные шаги до каждого избирателя, до каждого гражданина. Узнать о проблемах в стране за этот период. Ведь служить на благо страны – наш общий долг»,* — заключил Кошанов.

Напомним, бывший председатель Мажилиса Нурлан Нигматулин подал заявление о прекращении своих депутатских полномочий 1 февраля. Его преемником стал Ерлан Кошанов, который переехал в Мажилис из Администрации Президента, где он работал первым руководителем. Выступая с речью перед депутатским корпусом, новый спикер Мажилиса заявил о необходимости обеспечить прозрачность работы Парламента. Поэтому планируется «еще больше активизировать связь депутатского корпуса с гражданским сектором, представителями СМИ и общественными активистами».

ТРАГЕДИЯ

# ДЕВОЧКА ПОЛНОСТЬЮ ВЫЗДОРОВЕЛА

***МЕДИКИ ПОЛТОРА МЕСЯЦА БОРОЛИСЬ ЗА ЖИЗНЬ И ЗДОРОВЬЕ РЕБЕНКА. ДЕВОЧКА, КОТОРУЮ МАТЬ ОСТАВИЛА ЗАМЕРЗАТЬ В ОВРАГЕ, ПОЛНОСТЬЮ ВЫЗДОРОВЕЛА***

Саратовским врачам удалось спасти 5-летнюю девочку, которую мать выбросила в овраг без одежды в сильный мороз под Аткарском в декабре 2021 года, сообщает Минздрав Саратовской области.

*«Мы с радостью сообщаем, что завершили лечение 5-летней девочки из Аткарского района, которая подверглась жестокому насилию со стороны матери — была задушена и оставлена на морозе, где пролежала несколько часов»,* — говорится в сообщении.

Ребенка привезли в больницу в крайне тяжелом состоянии. Сначала речь шла о спасении ее жизни, восстановлении функций дыхания, работы сердца и мозга, которые пострадали в результате травм.

Затем врачам предстояло спасти обмороженные конечности ребенка. К счастью, и это тоже удалось.

*«На сегодняшний день девочка в ясном сознании, самостоятельно дышит, ест, полностью завершилось заживление трасплантированной кожи»,* — рассказывают врачи.

Напомним, что 22 декабря 2021 года в селе Прокудино Саратовской области, нашли брата и сестру без одежды. 8-летний мальчик умер в больнице, а 5-летняя Аня в реанимации пережила клиническую смерть.

Мать детей задержали, на нее завели уголовное дело.

ЗДОРОВЬЕ

***МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ УПРОЩАЕТ ПОРЯДОК ОБРАЩЕНИЯ К УЗКИМ СПЕЦИАЛИСТАМ, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.***

# КАЗАХСТАНЦАМ РАЗРЕШИЛИ ОБРАЩАТЬСЯ К УЗКИМ СПЕЦИАЛИСТАМ БЕЗ НАПРАВЛЕНИЯ

Оказалось, что многие казахстанцы жаловались на длительный процесс получения услуг узких специалистов.

Чтобы попасть на приём к узкому специалисту — казахстанцам приходилось сначала записаться к терапевту для получения направления. Исключение составляли экстренные случаи с острыми состояниями, нуждающиеся в неотложной специализированной помощи.

После жалоб казахстанцев в министерстве решили разработать приказ, в котором говорится, при каких ещё случаях можно попасть к узкому специалисту без направления терапевта:

неотложные состояния и травмы, в т. ч. офтальмологические, оториноларингологические и другие травмы; оказание экстренной и плановой стоматологической помощи; заболевания дерматовенерологического профиля; приёмы к акушер-гинекологу и психологу по месту прикрепления; при подозрении на заболевания онкологического и гематологического профиля; по профилю заболевания динамического наблюдения; в молодежные центры здоровья; при повторном приеме к профильному специалисту в рамках одного случая; — при оказании услуг передвижных медицинских комплексов и др. Как отметила заместитель директора департамента оказания медицинской помощи Гулнар Сарсенбаева, терапевт должен быть широко ориентирован в основных медицинских специальностях для оказания многопрофильной помощи всей семье независимо от возраста и вида заболевания.

*«Врачи общей практики осуществляет приём и посещение на дому, проведение комплекса профилактических, лечебно-диагностических и реабилитационных мероприятий. Подходы его работы направлены с учётом особенностей семьи»,* – прокомментировала Гулнар Сарсенбаева.

ОБРАЗОВАНИЕ

# ВЫСОКОПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КАДРЫ - ПОТЕНЦИАЛ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

**РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ОПРЕДЕЛЯЕТСЯ ЗАДАЧАМИ ЕЕ ПЕРЕХОДА К ДЕМОКРАТИЧЕСКОМУ И ПРАВОВОМУ ГОСУДАРСТВУ, К РЫНОЧНОЙ ЭКОНОМИКЕ, НЕОБХОДИМОСТЬЮ ПРЕОДОЛЕНИЯ ОПАСНОСТИ ОТСТАВАНИЯ СТРАНЫ ОТ МИРОВЫХ ТЕНДЕНЦИЙ.**

Значение образования как важнейшего фактора формирования нового качества экономики и общества увеличивается вместе с ростом влияния человеческого капитала. Казахстанская система образования должна стать конкурентноспособной с системами образования передовых стран. При этом необходимы широкая поддержка со стороны общественности проводимой образовательной политики, восстановление ответственности и активной роли государства в этой сфере, глубокая и всесторонняя модернизация образования с выделением необходимых для этого ресурсов и созданием механизмов их эффективного использования.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев 13 октября 2021 года подписал указ об утверждении перечня национальных проектов. Было определено 10 конкретных Национальных проектов. Один из них - «Качественное образование «Образованная нация» на 2021-2025 годы. Основная цель проекта – повышение качества знаний обучающихся на всех уровнях образования. Также сохранена преемственность с государственной программой по вопросам, требующим оперативных решений, направленных на обеспечение потребностей населения.

Одна из задач Национального проекта – обеспечение доступным, качественно техническим и профессиональным образованием. К 2025 году 100% молодежи будут обеспечены бесплатным техническим и профессиональным образованием по востребованным специальностям. В результате увеличения охвата ожидается снижение доли молодежи категории NEET. Согласно предоставленным данным главы Департамента Стратегического планирования и координации, в 2021 году государственный заказ увеличен на 20 205 человек по сравнению с приемом на базе девяти классов 2020-2021 учебного года. По квоте по государственному заказу на обучение принято 37,5 тысячи человек, что составило 39,3% от общего приема. «В 2022 году охват молодежи бесплатным техническим и профессиональным образованием по востребованным специальностям достигнет 70%.

Сейчас в стране идёт сложный процесс формирования новой образовательной системы, ядром которой является национальная система квалификаций. Она включает в себя национальную рамку квалификаций (8 уровней образования), отраслевые рамки квалификаций, профессиональные стандарты и оценку профессиональной подготовленности и подтверждения соответствия специалиста квалификационным требованиям.

Путь к профессиональной карьере начинается с выбора учебного заведения. Этот выбор, особенно для молодого человека, не простой и очень ответственный, поскольку он определяет направление дальнейшего жизненного пути.

«Zhansugurov college» - структурное подразделение Жетысуского Университета имени И.Жансугурова за короткое время сумел войти в «семёрку» лучших колледжей Алматинской области. Обучение в нашем колледже ведется по 12 специальностям, 18 квалификациям. Среди данных специальностей ведется подготовка по 4 педагогическим специальностям и 6 квалификациям (можно ознакомиться в рекламных проспектах учебного заведения) Не секрет, на сегодняшний день есть спрос на педагогические кадры, по данным министерства образования дефицит педагогических кадров составляет порядка 26 тысяч единиц. Это явление характерно и для нашей Алматинской области. В школах есть спрос на учителей начальных классов, преподавателей русского языка и литературы, а также математики. Кроме того, больше 15 тысяч учителей – это работники предпенсионного и пенсионного возраста. В Алматинской области в 2022 году в отдалённые районы с низким качеством образования планируется привлечь 571 педагога. Об этом стало известно в ходе брифинга министерства образования и науки

Подготовка подростка к осознанному профессиональному выбору становится жизненно необходимой. Стадия выбора должна завершиться формированием реалистического и достаточно четкого представления о той профессиональной общности, в которую подрастающий человек в будущем будет включен. А выбор педагогической специальности требует особого, очень взвешенного и обдуманного шага. В обратном случае образовательный конвейер будет крутиться бесконечно, часто работая вхолостую, так как случайно полученное образование, не способствует закреплению в сложных профессиях, и уже почти взрослый человек пойдёт получать другую специальность.

Поступив в «Zhansugurov college» предоставляются уникальная возможность продолжить обучение по программам вузовского (бакалавриата) и послевузовского образования (магистратура, PhD-докторантура) на основе унифицированных образовательных программ ТиПО и ВУЗа.

Рыночная экономика не только создает благоприятные условия свободного действия каждого человека, но и предъявляет к нему жёсткие требования - умение самостоятельно выбирать, и отвечать за последствия сделанного выбора

Думаю я могу резюмировать свою статью выводом: «Высокопрофессиональные кадры - основа и двигатель всех процессов в стране, её главное богатство и потенциал конкурентоспособности в неустойчивом глобальном мире.

**Сауле ОТАРБЕКОВА,**
**преподаватель «Zhansugurov college».**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

тартып», – деп жоқ жерде нығыртып бітетін.

Шалына анық қарсы келе алмай діңкесі құрыған шешесі: «Қасқа бұқаны піштіріп тастаған соң көзіміз ашылып еді», – деп шүйкесін созғылап жататын.

«Арманыңа жетерсің, – дейді сөзге тоқтаған әкесі ондайда тың-тың күліп. – Осы күшіктің әлгі әрмиядан келгендегі бәрімізді қуырып жеп жібере жаздаған пысықтығы қайда кеткен? Соны айтам-ау…»

– Жетеке, әлгі Африкаға жібергендері қалай, аман- есен бе екен? – деп Қапар әңгіме бетін Қошалақтан аулақ құрлыққа алып қашты.

– Қайдан аман болсын! Жақында теледидардан көрсетті. Өңшең зәңгі қырып атып түгесуге тақапты. Сосын әскерилер вертолетпен келіп әлгілерді ойбай- латып қуып ұстап жатыр.

– Шибөріні ме?

– Жо-ға, зәңгілерді. Кәдімгі негрді айтам.

– Бейшаралар десеңші.

– Бір тайпа көсемінің аяқ-қолына кісен салып жатып:

«Сендерге сеніп жіберген ұлттық байлығымызды ит рәсуа еткіздің. Көздеріңе көк шыбын үймелетеміз. Құл ретінде кереметсіңдер, ал адам ретінде түк қасиеттерің жоқ», – деп, Қапеке-ай, әлгінің көзіне істікпен шұқығанда, төбе шашың бар ғой, бір тұрып, бір жатады…

– Қалың жыныс ішінде, әр шоқалдың түбінде өріп жүрген мақұлықтың есебін айдалада отырып қайдан білген?

– Надандық, сені қайтейін? – деп Жетес ежірейіп ішкі қалтасынан әлгі төрт бүктеулі қағазын қайта суырып алды. – Космостан! Сенің башпайыңды қимылдатқаныңа дейін төбеңнен үңіліп айнадан көріп тұр. Бар байлығын хаттап-шоттап отыр. Әне! Әйтпесе, соншама ақша шығарып дүркін-дүркін кеме ұшырып олар аспаннан нағашысын іздеп жүр дейсің бе?

Әлгінде, «Космостан!» дегенде Жетестің сұқ саусағы ауада ілініп қалған. Баспалап қараса, әлі сол қалпы тұр екен. Мәселенің байыбына көзі енді жеткен Қапардың аяқ-қолына діріл жүгіріп:

– Құлдығың болайын, мынауыңды түсіре көрші, – деп жалынды. – Шибөрісі құрысын, төсек салып жата қалайықшы.

Аузы жаман ит-ай, адамның иманын ұшырып айтып отырғанын қарашы. «Бетіне жел боп тиген Саддам Хусейіннің өзін інге тығылған қарсақтай шақылдатып суырып алғанда оның жанында сен кімсің? Жалғыз вертолетпен келеді де: «Давай, Қапар», – дейді, «Давай, кін!» «Шибөрінің шын иесі кім екенін білмей жүр екенсің, Карабаевіш. Ток беретін столға таңайық. Тірілей үйтіліп қал! Ищь ты! Саудаң тамам!» – деуін. Тоба, тоба!

Келін боп түспей жатып әке-шешесімен китке таластыра келген осы қатын да жерден алып көрге ұрып болды-ау мұны. Үйірлі үш пәле соның сөзінен балалап шығады да тұрады. Қарашы енді… Әлгі барқыттай ғып илеп қойған шибөрінің екі терісінің бірін Астанада оқитын сіңлісіне салып, екіншісін етек-жеңі қырқыла бастаған өз пальтосының жағасына тағынып...

Астанадағы балдызынан осы ақпанда хат келген. «Алтыннан ардақты, күмістен салмақты Қапар жездемізге дұғай-дұғай сағынышты сәлем», – деп бастапты хатын тап бір бауыры шіріп бара жатқандай.

«Амандық болса, оқуымды тәмамдаған соң осы қалада қалмақ ойым бар», – дейді, тұп-тура ындыққа неге өтіп кетпейді? «Айтпақшы, ақ жезде, салып жіберген теріні алдым. Қып-қызыл боп құлпырып тұр екен. Тонымның жағасына салдырып ем, жайнап кетті. Өрттей-ау, өрттей! Көшеде, тіпті шетелдіктердің өзі тұра қалып қылшығын алақан жүгіртіп сипап, бас шайқап бітеді. Көзі бар дүние ғой, тағы да бір- екеуін салып жіберерсіз. Біреулерге уәде беріп қойып едім…» Көрдің бе, дәмесін...

Бұл бір оңбаған желқабаз тұқым ғой. Астанада жәйімен жүре ме, «Қошалақта аңшы жездем бар, шибөріні қоралап ұстайды, мұндай жаға тағы кімге керек?» – деп жаһанға жар салып, әлгі шегірткесіне дейін адам деп қарайтын шетелдіктердің көзінше найқала басып жүрген-дағы.

Әлгі қатыны түскір де аяқ астынан Қанішкенге шау- ып… Мына шынжау иттің де жата қалмай тізесінің үстіне қайта-қайта қағаз жүгіртуі тегін дейсің бе? Американың жасырын уәкілі боп жүрмесін. Сонда да тегін жан беру оңай ма, көңілімен аспанды теуіп отырған мұны бірер сұрақ беріп тағы да байқастап көргісі келді.

– Жетесжан-ау, ақылы асқан азаматым-ау, айтшы өзің, сонда әлгі шибөріге малымызды қан жоса ғып қырғызып қойып, тып-тыныш отыра береміз бе? Бұл мақұлық олардың байлығы болса, үстінен жонып жеп отырған ірілі-ұсақты жандық біздің күнкөріс нәпақамыз емес пе?

Жетес шараяқ толы айранды бір жұтып, шетке ығыстырып қойды. Келелі әңгімеге енді келгендей комданды.

– Сырты – түк, іші – боқ қайдағы малды айтасың? Олар өзіңді отырғызып қойып, құйрығыңның астынан мұнайыңды жым-жылас ғып сорып кетіп жатқан жоқ па, мұнайыңды! Әй, қазақ, соны неге ойламайсың?!

Қапар шошып, астындағы қызыл құрақ көрпеге қараған, бір шеті түріліп қалыпты. Қиюы қашқан есіктен бе, әлде құранды шынысы көп терезеден бе, әйтеуір салқын леп тұла бойын қуалап қалшыл қақтырып бара жатты. Десе де, ішкі үрейін сыртқы болмысымен бүркеп:

– Шамасы, дәті қатты ел-ау, – деп мына маңызды мәселеге өзінің қатысын сүйкейсалдылау ғып көрсеткісі кеп шамның пілтесін азайтып, жарығын әлсіретті.

– Айтары бар ма? Олар біздей емес, әрқайсысы Ата Заңын аузымен сүйіп адал болуға ант береді. Әлгі Кілинтөнді білесің ғой? – деп Жетес сұқ саусағын төбесінен асырып барып қайта түсірді.

Жамылғы көрпеге тұмшаланып, кесер басы ғана қылқиып жатқан Қапар: «Шырамытамын ғой», – деп күбірлеп құтылды.

– Ендеше, Ақ үйдің төрінде отырған

соның әлгі бәдік қызбен көз қыспасы бар екен. Аты кім еді қарбашаның? –М… Мо… Ма…

– Мәрзия, – деп Қапар басын сопаң еткізіп суырып алды.

– Қайдағы Мәрзия? Қойшыбайдың қатынын ойлап алжып жатсың ба?

Қапардың көзі кілгіріп, басы қайтадан көрпеге кіріп кетті.

– Моншақ емес пе?

– Мейлі, тесік моншақтың бірі. Тақтың буы шыдата ма, Кілекең президент басымен сол қарбашамен ойнап қойып… Бәйбішесі менің үстіме қатын ұстайын деген екенсің, есіктегі күліңді төріңе шашайын деп шыр салып… По-оу!

Әңгіме шибөріден аулақтаған соң көңілін демдеген аңшы мына жатысына ыңғайсызданып мәйкішең көпшігін қолтықтай кетті.

– Апырым-ай, үлкен жанжал шығыпты-ау!

– Айтпа. Әлгі қарбаша, «тоқал қылып қолыңа кіргізіп ал, оған билігің жетпесе осыған дейін ойнап-күлгеніңнің ақысын төле» деп…

– Содан?

– Кілинтөн бәйбішеден бата алмай жаутаңдап, екі ортада әлгі қарбаша, «мына әңгі абыройымды айрандай төкті, шеккен зиянымның пұлы мынандай» деп сотқа жүгіріп…

– Ой, масқара-ай!

– Масқараның көкесі соңында. Бұл шатақты халық естіп, у да шу. Еркектер жағы: «Маладес, Кілинтөн, құрттаған шыбыштың құйрығындай немеге сол керек. Тіпті, бұл аз», – деп өре түрегеліссін. Әйелдер болса: «Шіли істейтіндерің осы. Бәрің де ұрғашы зорлайсыңдар. Еркектердің атынан Президентті сот-тау керек», – деп ырғасып тұрып алсын. Көкайыл қатындарға дауа бар ма?

– Соттады ма?

– «Садаған кетейін, ел-жұртым, мына қызыл көз пәледен сорлы басымды арашалай көріңдер», – деп зар еңіреп халқынан жылу жинаған. Сол қаржыны көңілдесінің алақанына құйып зорға құтылды.

– Заңы қатты екен.

– Елі бетіне қарап отырған басшысын есекке теріс мінгізгенде, ұлттық байлығына мылтық кезегендерді не істемейді? Жаным-ау, әлгі қарбашаның аты… Тілімнің ұшында тұрғанын қарашы…

Шамның майы түгесілді ме, пілте басы қызарды. Көрпені тарс бүркеніп алған Қапар ойы әлем-жәлем боп біраз жатты. Әзер деп кірпігі желімденіп қамаса бастаған.

– Таптым! – деген шынжау сарының ащы айқайы құлағын жарып жібере жаздады.

– Нені?

– Мо-ни-ка!

– Құры! Атаңа ғана нәлет!

Сол түні түс көріп шыққан. Саддам Хусейін екеуі Қошалақтың ақ шағылының арасында шаңытып жайдақ атпен қашып жүр екен…

Ертеңіне орнынан маңдай әжімі батыңқырап, жағы суалып тұрды. Жеті мүшесі бір-бірін ауырсынғандай, шабан қимылдап киінді.

Басы қайқайып кеткен сүре шегеде ілулі тұрған мылтығы мен оқшантайына қарағысы келмей көзін алып қашты.

Жетес боз ала таңда аттанып кетіпті. Сыртқа бетте- ген. Наурыз кеп сере қардың көбесі сөгілгенімен, кемпіршуақ жеткізер емес. Ауада шыңылтыр аяз бар. Бітеуде тұрған уақ жандығына шөп салайын деп, айырын қолына алды. Қадиша: «Қораның ішін қи мен сабаннан тазартып, намаз оқығандай етіп кеттім», – деп еді. Рас екен. Дөңгеленіп қалыпты. Малын жайғап біткен соң да үйіне кіргісі келмей түртінектеп жүріп алды.

Әлгі шынжау сарының сайтанның сапалағындай сап ете түсіп, тып-тыныш тірлігін алақұйын етіп кеткенін қарашы. Заржақ неменің білмейтін сұмдығы жер астында. Баяғыда үгітші боп «Горбачев жасасын!»,

«Қайта құру жасасын!» деп ала қырды ат терлетіп шауып елдің зықысын алып еді. Мал баққан момын жұрт тап бір «Жасамасын!» деп қарсыласып жатқандай.

Горбачев тағынан тайғанда Жетестің де сөз ләмі лезде құбылып сала берген. «Біліп ем тап осылай боларын. Қарға сақғып кеткендей бас қондырысының өзі ұнамайтын. Райса өзіміздің қыз ғой, татар ғой. Байына билік бермеді. Күйеу бала ынжық екен. Арандап қалды», – деп бір садақада желдей есіп отырған.

Кешегісін айтсаңшы…

Ғаламдасамыз, шекараны жоямыз, бәріміз құшақтасып табысамыз дей ме, Алла, ит-ай, мұның құшағына кім зәру боп отырғанын?..

Бір ғажабы, қаншама «ақ шақыр» десең де, мұның аузына іліккен жаманаттың келмей қалғаны жоқ.

«Ішкені ұнамайды, бетіммен жер басып біттім», – деп жүріп Ельцинді де орнынан алып тынған жоқ па? Қойнынан қағазын жылтындатып қоймап еді, бұған да тықыр таянған да…

Қызыл тайыншаны қамаған шибөрі көздеп атар кезде тым құрығанда қасқыр мен қарсақтай жалт беріп жоғалмай, қасқайып тұра берді-ау. Тек «мияу» деп дауыс шығарған. Бұл: «Әй, Қапар, әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл», – дегені-дағы. Артында Америкадай елің тұрса, келсең кел деп қасқия қалмағанда қайтеді?!

Оқ пәршелеп кеткен екі басты кесіп лақтырып, терісін кергішке кигізген. Қансөлі тамып тұрған етті көміп тастауға қимай итаяққа сүйей салған. Құтжол шок басқандай ыршып түссін. Қыңсылап қыр асып қашып, үй маңын көрмей жүріп алды. Жеті қазынаның бірі ғой, ит те болса бір жаманатты сезген-ау.

Жастай кепкен қос теріні қанжығасына бөктеріп Қанішкенге барған. Ондағысы қасқыр басына алты мың теңгеден «байғазы» береді, шибөріге соның жарты ақшасын қиса да, аз нәпақа ма деген ой. Ақсаймын деп жатып-тұратын агент байғұсты тері мен шуаш иісі қолқаны атқан құрқылтайынан тапты. Әншейінде мұны көргенде жайылып түсетін сорлы кірпідей жиырыла қалыпты. Қара тонның жағасынан басы көрінбей: «Жоғалт! Жоғалт көзін!» – деп сырт айнала берген.

Бұл қаңғыс та бар сұмдықты біліп, ішіне бүгіп тұрған болды…

Пәнде пақыр қашан да өз сорын өзі іздеп табады ғой. Айдалаға лақтырып кетпей, екі терінi дүние көріп, үйіне кері алып кеп барқыттай ғып илегенін айтсаңшы…

Түс ауа тоқал тамына кіріп шай қойған. Бірер кесемен тоқтады. Көкірегінің басына түйіншек боп қадалып тұрып алды. Сосын бата жасады да қисая кетті.

Қисая кеткенде көзі қайтадан көкті көздеп тұрған дара ауыз мылтығы мен оғы ұядағы балапандай шүпірлеген оқшантайға түскені. Сол-ақ екен:

– Қараң батқыр, жалғыз өзімді жауға талатып, әлгі қатынның да келмеуін, – деп орнынан сілкіне тұрды.

Күн көкжиекке еңкейіп қалыпты. Қора жақтан қой маңырады. Шағыр мен жусанға бөртіп енді су дәметіп тұр. Қарқ ете қалып қанатын жайып аулаққа қарға ұшты. Баспамен өрмелеп тоқал тамының төбесіне шыққан. Аузы қара май жаққандай үңірейіп мұржа тұр. Кешқұрым түтін шықпағасын бұл да жетім екен ғой.

Әндіршек созып айдау жолға қарап еді, алыстан қыбырлап бір қарауытқан көрінді. Сар желдіріп келе жатқан Қадиша шығар. Сән қысып, барқыттай теріні етек-жеңі қырқыла бастаған пальтосының жағасына жапсырып… Қанішкенде қай бір тілеулес ел бар?! Әріп таныса бітті, ақ қағазға күн туады. Еңбектеп жүрген сәбиіне дейін теледидардың алдына жатып ұйықтайды. Солардың көзінше ат үстінде көлбең қағып… Бар дұшпанды соңынан малдай маңыратып келеді десеңші!

Әлейін десе жан тәтті, кірейін десе жер қатты боп торығып «Уһ!» деп жан-жағына көз тіккен.

Екі қолының астында шибөрінің екі басы жатыр. Тұла бойын лап етіп суық леп ұрды. Басы шыңылдап, баяғы бала күнгі бағана басында тұратын біркұлақ радионың қырылдақ дауысындай түсініксіз шуыл бел алып барады

– Балалар-ау ойнап жүріп төбеге лақтырып тастаған, – деп буынын бекітіп еді. Енді көзі бұлдырап, мойны былқылдап қоя берді. Ептеп еңкейіп аяқ астына қараған, мыж-мыж боп жатқан екі бас сығырая қарап бұдан жүз аударар емес. Қап-қара тұмсығын көкке шүйіріп, сазара қалыпты. Тіпті, жер тырнап жылжып, балағынан ала кететіндей. «Африкадағы әумесерлер сазайын тартқан. Ендігі кезек, Қапар, сенікі. Тоқтай тұр, бәлем! Мияу», – дейтіндей.

Жаны қысылып жалма-жан айдау жолға қараған. Қадиша қаракермен лекітіп келеді екен. Етек-жеңі қырқылып қалған ескі пальтосының жағасы қызыл шоқтай жайнайды. Жаға емес, шибөрі мойнын айналып алас ұрып жүгіріп жүргендей. Қонар ұясына ұшқан қара қарға ма, әйтеуір аспанда қарауытқандар қаптап кетіпті. Біркұлақ радио қайтадан қырылдап, бұ жолы вертолеттің дауысы анық естілді.

– Аллам-ау, – деді амалы таусылған аңшы үні тозып, мұржаға сүйене кетіп. – Шәуілдеген жаман шибөрі Американың ұлттық байлығы болсын. Мен сонда Қазақстанның кімімін? Әкпесіне тебер өгейімін бе? Бұ дүниеде жиғаным, о дүниеде иманым бұйырмай кететіндей сұрауым жоқ па? Оң қол қиянатқа жүгірсе, сол қол арашаға ұмтылмас па... Бұл ел – ел ме, әлде ашық-тесік жатқан мал қора ма?..

Көзінен екі тамшы жас езіліп түсті.

Батар күн пәни дүниенің қашты-қуды қызығын қимағандай, бір құлағын қылтитып, айналаны жез легендей жылтыратып тұр.

**Рахымжан ОТАРБАЕВ**

*qalamger.kz сайтынан алынды.*

## Бейсенбі - Четверг, 24 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН
06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Дала әркениеті»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00 Т/х «Сарай сыры»
13.10 «Қызық екен»
14.00 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Тұлға»
15.40 «Ауылдастар»
16.10 Т/х «Күйеу бала»
17.15 «Қызық екен»
20.35 «Ashyq Alan»
21.30 «Ауыл мұғалімі»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.35 Футбол. «Лацио» - «Порту»
01.50 Футбол. «Наполи» - «Барселона»

### ХАБАР
05.00, 16.00 Сериал «Дело Батагами»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит. «Черные воды»
12.00 Т/х «Бәсеке»
13.00 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Ускорение»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 Тұсаукесер «Түнгі хабар»
00.00 «Біреудің есебінен»

### АСТАНА
06.00 Т/х «Хон Гиль Дон»
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20 Т/х «Қара ниет»
13.30 «Айтарым бар»
14.30 «Жемчужина дворца»
16.00 Сериал «Вопреки всему»
17.00 «Ой мен ойын»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.40 Т/х «Сарай жауһары»
01.00 Т/х «Сулеймен Султан»
02.10 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
03.50 «Айтарым бар»
04.50 Т/х «Белгісіз жан»
05.30 «KazNet»

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Жить здорово»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.20 «Цыпленок жареный»
12.10 «Семейный альбом»
14.00, 02.15 Новости
14.15, 02.30 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»ның тұсаукесері
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины. Возвращение»
01.25 «Серябрянный волк»
02.45 «Паутина»
03.55 «Әйел сыры»

### КТК
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Аманат»
09.20 «Астарлы ақиқат»
10.20 «Өмірдің өзі новелла»
11.40 Новости
12.20 «Бедная Саша»
14.20 «Лесник. Своя земля»
16.30 «Чума» криминальная драма
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат. Таныс-сыз танылғандар»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Бедная Саша»
23.35 «Лесник. Своя земля»
01.30 «Чума» (повтор)
02.55 «Өмірдің өз новелла»
04.10-04.40 «Кешкі жаңалықтар»

### ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Бүгін»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.30 «Талкы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Әдептен озбайық»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талкы»

### 31 КАНАЛ
06.00, 04.30 Әзіл студио
07.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 21.55 Сериал «Анупама»
10.00, 01.30 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Күлип All»
13.00 «Маша и медведь»
14.00 Сериал «Исскуство войны»
16.50, 18.30 Сериал «Отель Элеон»
20.00 ИНФОРМБЮРО
23.40 Худ/ф «Обет молчания»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ
06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20, 01.25 «Гадалка»
10.30 Сериал «Цена жизни»
12.30, 02.00 «Q-Елі»
13.10, 22.25 «Бастық боламын»
15.10, 00.25 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.25 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
19.30 «Ветреная женщина»
21.30 Т/х «Көрші»
02.30 «Тамаша 7 км»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Айна-online»

## Жұма - Пятница, 25 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН
06.05. Д/ф «Дала әркениеті»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00 45 Ақпарат
07.00 Таңшолпан
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10,17 15 Қызық екен
14 00, 02.10 Теледәрігер
15.15 Шаңырақ
15 40 Ауылдастар
16.10,23.25 Т/х «Күйеу бала»
20.35, 01.20 Ашық алаң
22.30 «Өмір ызғары»
00.15 Парасат майданы

### ХАБАР
05.00 Сериал Дело Батагами
07.00 Таңғы хабар
10.00 Мегахит «Ускорение»
12.00 Т/х Бәсеке
13.00 Т/х «Тағдыр тартуы»
15.00 Бүгін
16.00 «Город особого назначения»
18.00 Мегахит. «Пешка»
20.00 Жаңалықтар
20.30 Үкімет
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-3»
22.30 Түнгі хабар
00.00 Біреудің есебінен

### АСТАНА
06.00 Т/х «Хон ГильДон»
07.20 Маша и медведь
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығышым»
11.20 Т/х Қызым
12.20,21.00 Т/х «Қаранием»
13.30,03.50 Айтарым бар
14.30 Т/х «Жемчужина дворца»
16.00 Вопреки всему
17.00 Ой мен ойын
18.00 Криминальный беспредел
18.10Т/х Фазилет ханым
19.00 Т/х Ене
23.40 Сарай жауһары
01.00 Сүлеймен сұлтан
02.10 «1001 түн»
03.00 Астана таймс
04.50 Белгісіз жан
05.30Казнет

### ЕВРАЗИЯ
06.00 Жить здорово
07.00 Қайырлы таң, Қазақстан!
08.00 Доброе утро Қазақстан!
09.00 На самом деле
10.00 Пусть говорят
11.00 Цыпленок жареный
12.05 Х/ф «Ускользающая жизнь»
14.00, 03.20,20.00 Новости
14.15, 03.35,04.35 Жаңалықтар
14.30 Қослайк
18.30 Басты жаңалықтар
20.40 Поле чудес
21.00 Крепость Бадабер
01.30 До скорой встречи
03.50 Тойхана

### КТК
07.05Кешкі жаңалықтар
07.30 Аманат
09.20 Астарлы ақиқат
10.20 Өмірдің өзі новелла
11.40 Новости
12.20 Бедная Саша
14.20 Лесник. Своя земля
16.30, 01.30 Чума
18.30 Тоғжан
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 КТК веб
21.00 Вечерние новости
21.40 Личный

### ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талкы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талкы»

### 31 КАНАЛ
04.00,06.00 Әзіл студия
07.00,05.00 Ризамын
07.30 Информбюро
08.30, 21.55 Сериал Анупама
10.00, 01.30 Сериал Ханшайым
11.00 , 21.00 Ұшқан ұя
12.00 Біздің шоу
14.00 Маша и Медведь
14.50.Х/ф Обет молчания
16.50, 18.30 Отель Элеон
20.00 Информбюро
23.40 Обитель зла-3
02.30 Базарбаеватар
04.30 Уатцап

### 7 КАНАЛ
06.00, 05.00 Қуырдақ
07.00,14.10 Т/х Серт пен сезім
08.00 Оян, Қазақстан!
10.00,16.50, 01.25 Гадалка
11.00, 19.30 Ветреная женщина
12.30, 02.20 Скетчком «Q-елі
13.10, 22.25 Бастық боламын
15.10,00.25 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.25 Көзайым
18.30 Айбат
19.00 Студия 7
21.30 Көрші
02.30 Тамаша 7км
03.20 Япыр-ай
04.00 Айнаонлайн

## Сенбі - Суббота, 26 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН
06.05. «Дала әркениеті»
06.25 Ақпарат
07.00 «Талпын»
07.30 Деректі фильм
08.25 Әйел әлемі
09.00 Теледәрігер
10.00, 18.00 Т/х Дениз
12.00 Мультфильм
13.30 Концерт
15.50 К/ф Анамды іздеймін
20.00, 01.20 Мәселе
20.40 Сағындырған әндер-ай
22.30 Өмір ызғары
23.30 Қазақстан дауысы

### ХАБАР
05.00,16.00 Сериал «Город особого назначения»
07.00 Сериал «Департамент»
09.00 Өзін-өзі тану
09.15 XXI ғасыр көш басшысы
10.00 Сенат аксакалов
10.30 Бір туынды тарихы
11.00 Кино «Менің атым Қожа»
12.45 Т/х Келінжан-2
19.15 Маска
21.00 7 күн
22.00 Национальный интерес
23.30 «Duscovery: Сквозь червоточину»
00.15 Әсем әуен

### АСТАНА
06.00 Т/х Хон Гиль Дон
07.20 Маша и медведь
09.20, 22.20 Т/х Қарындасым, қарлығашым
11.20 Т/х Қызым
12.20, 21.00 Т/х Қара ниет
13.30 Жұлдыздар айтысады
18.00 Шаншар
20.00, 03.20 Астана кеші көңілді
23.40 Ой мен ойын
01.40 Сулеймен сұлтан
02.30 «1001 түн»
04.00 «Біздің ауыл»
04.50 Т/х Белгісіз жан
05.30 Казнет

### ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.20 Әйел сыры
07.25 Той заказ
07.55,02.35 Паутина
08.45 Х/ф «22минуты»
10.10 Фабрика грёз
10.35 Сериал Крепость Бадабер
14.20 Сериал Мой лучший врач
18.00 Айна
19.00 Две звезды. Отцы и дети
20.45 Х/ф Ноль
22.45 Хрустальный
00.45 Нежная рука закона

### КТК
07.05 Мерекелік концерт
07.30 Т/х Еркіндік құны
08.00,03.15 КТК-да Қабатов
09.20 Новости
10.00 Смеяться разрешается
10.30 Драма «Лишний»
14.30,02.00 Махаббат пен үрей
16.00 Алдараспан
20.00 «Ақ мама» ток шоу
21.00 Большие новости
22.00 Её секрет
01.20 Чума

### ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Бүгін»
11.30 «Зейнеп апаның әңгімелері»
11.50 Инфо-блок
12.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Мәдениет жаңалықтары
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Живая вода» ертегісі
14.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.55 Инфо-блок
15.00 «Жанашыр
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Мәдениет жаңалықтары
15.45 Инфо-блок
16.00 «Әсем әуен»
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Зерде»
19.15 Новости
19.30 «Безбен»
20.15 Инфо-блок
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Д/ф «Мәдени байлықтар»
21.00 «Единый народ»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.40 «Әсем әуен»
23.00 «Аю терісіндегі ханзада» ертегісі

### 31 КАНАЛ
06.00, 02.30 Әзіл студия
07.00 Тәтті шоу
08.00,01.00 Тамаша лайв
09.00 Күліп ал
09.30 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.30 М/ф Лило и Стич
11.00 Кино. Месть и закон
15.30 Мультфильм
17.30 Х/ф Воздушный бой
19.10 Х/ф Призрачный гонщик
21.20 Х/ф Призрачный гонщик-2
23.10 Х/ф Обитель зла-3
02.00 Уатцап
03.30 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ
06.00, 05.10 Қуырдақ
06.30 Гу-гулет
07.00 Құтты қонақ
08.15 Сериал «Өсекшілер»
10.00 Орел и решка
11.00 Сериал Вчера.Сегодня. Навсегда
17.10, 02.20 Т/х Зың-зың Күлпаш
19.30 Т/х Көрші
21.00 Маска
00.10 Х/ф «Самый пьяный округ в мире»
04.30 Скетчком «Q-елі

## Жексенбі - Воскресенье, 27 ақпан

### ҚАЗАҚСТАН
06.05 Дала әркениеті
06.30 Күміс көмей
07.30 Д/ф «Ұзақ ғұмыр құпиясы»
08.05 Аксауыт
08.30,14.00 Мультфильм
10.00,18.00 Т/х Дениз
12.00 «Ән мен әнші»
15.45 К/ф «Анамды іздеймін-2»
17.25 «Әйел әлемі»
20.00, 01.20 «Апта»
20.50 Жүзден жүйрік
22.30 Т/х Өмір ызғары

### ХАБАР
05.00, 16.00 Т/с «Город особого назначения «
07.00 «Департамент»
09.00 Самопознание
09.15 Ән әлемі
10.00 Тайны.Судьбы.Имена
11.00 Кино. Песнь о Маншук
12.15 Т/х «Келінжан-3»
14.15 Маска
18.00 Мегахит «Паранойя»
20.00 Хит жазамыз
21.00 «7 күн»
22.00 Большая неделя
23.30 Кино Последние холода
00.30 Әсем әуен

### АСТАНА
06.00 Хон ГильДон
07.20 М/ф «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым, қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 21.00 «Қара ниет»
13.30 Алдараспан
18.00 Х/ф «Тараз»
20.00,03.20 «Астана кеші көңілді»
20.45, 03.50 Аялы алақан
23.40 Шаншар
01.40 Сүлеймен сұлтан
02.30 «1001 түн»
04.00 Біздің ауыл
04.50 «Белгісіз жан»
05.30 Казнет

### ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.40 Әйел сыры
06.45 Той базар
08.00, 02.55 Паутина
08.50 Воскресные беседы
09.05 Сериал «Три песнь для Золушки»
13.00 Қазақша туризм.Dubai
13.30 Две звезды. Отцы и дети
15.25 Х/ф «Ноль»
17.20 Добрый вечер, Казахстан!
18.25 Лучше всех
20.00 Грани
21.00 Сериал Не было бы счастья-2
00.40 Точь-в-точь
04.25 Той заказ

### КТК
07.05, 03.50 Мерекелік концерт
07.50 Ән мен
09.20 Дом культуры и смеха
11.00 Её секрет
14.40 01.30 К/ф Уақыт
16.10, 02.40 Аш бөледен қаш бөле
17.50 Аналардың анасы
20.00 Ақ мама ток-шоуы
21.00 Портрет недели
22.00 Любимая
23.45 Чума

### ЖЕТІСУ
07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
10.30 «Единый народ»
11.00 «Безбен»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Зерде»
14.15 «Қазақстанда жасалған»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
18.30 «Олжа»
19.00 «Қазақ тілі»
19.20 Инфо-блок
19.30 «Жүрек сөзі»
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әндер мен жылдар» концерті

### 31 КАНАЛ
06.00, 03.00 Әзіл студио
06.30 Әзілдер күнделігі
07.00,02.00 Тамаша лайв
07.30 Күліп ал
09.00 Телебинго
09.25 Готовим с Адель
10.00 Ералаш
10.45,00.00 Мультфильм
12.45 Х/ф Воздушный бой
14.35 Х/ф Призрачный гонщик
17.10 Х/фПризрачный гонщик-2
21.00 Біздің шоу
23.00 Кім кінәлі? ток-шоу
04.00 Уатцап
05.00 Ризамын

### 7 КАНАЛ
06.00, 05.10 Қуырдақ
06.30 Гу-гулет
07.00 Құтты қонақ
08.00,15.00 «Өсекшілер»
10.00 Орел и Решка
12.00 Маска
17.10, 03.00 Т/х «Тақиясыз періште»
19.20 Т/х Көрші
21.00 Т/с «Забытая женщина»
00.50 Х/ф «Самый пьяный округ в мире»
04.40 Q-елі

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА КОДЕКС

# ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік процестік кодексі 2021 жылғы 1 шілдеден қолданысқа енгізілді.**

Аталған кодекс бойынша әкімшілік талап қою түрлері дау атауларына байланысты емес, талап қою түрлеріне қарап: дау айту туралы талап қою; мәжбүрлеу туралы талап қою; әрекет жасау туралы талап қою; тану туралы талап қою болып бөлінеді.

Талап қою сотқа жазбаша нысанда не талап қоюшының және (немесе) оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Осы талап қою түрлеріне жеке-жеке тоқталсақ:

– дау айту туралы талап қою, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоя беруге құқылы;

– мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап талап қоюшы қабылдаудан бас тартылған не әкімшілік органның лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бас тартуға дау айту туралы жеке талап ету қажет етілмейді. Ол осы мәжбүрлеу туралы талап қоюмен қатар шешіледі. Мәжбүрлеу туралы талап қою жауапкердің ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні қабылдамау міндеті туралы талапты қамтуы мүмкін;

– әрекет жасау туралы талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін;

– тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы, егер ол дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау туралы талап қоюшы бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды талап етуі де мүмкін. Талап қоюшы осы қатынастарды қысқа мерзімдерде орнатуға жеткілікті дәрежеде мүдделі болған жағдайда тану туралы талап қою берілуі мүмкін.

Талап қоюшының құқықтық қатынастарды орнатуға мүдделілігінің құқықтық, моральдық немесе материалдық сипаты болуы мүмкін. Осы бойынша талап қоюды беруге арналған мерзім кодекстің 136-бабымен реттелген.

Дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы талап қоюлар шағымды қарайтын органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын орган болмаса, талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе осы кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қоюда адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ әрекет жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Тану туралы талап қою сотқа тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі. Бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тану туралы талап қоюға осы акт арқылы оның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылғаны туралы мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде мәлімделуі мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінара сотқа беріледі.

Құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері әкімшілік актіде қозғалатын, әкімшілік рәсімге қатыспаған адам әкімшілік актінің қабылдағаны туралы адам білген немесе білуі мүмкін болған күннен бастап бір ай ішінде, бірақ ол қабылданған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей сотқа талап қоюды беруге құқылы.

Шағымды қарайтын органға шағымданушы берген арызы бойынша шешім табыс етілген кезден бастап бір ай ішінде не қарау мерзімі өткен соң, егер шағым бойынша шешім қабылданбаса, талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы. Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодекстің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді өткізіп алу себебі мен олардың мәнін сот алдын ала тыңдауда анықтайды. Мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады. Егер заңда өзгеше көзделмеме, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам болмаған жағдайда, әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағым жасалуы мүмкін, бұл туралы әкімшілік іс бойынша шешім қабылдау кезінде әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган әкімшілік рәсімге қатысушыға хабар береді. Шағымдарды прокуратура органдарының қарауы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген негіздерде және шектерде жүзеге асырылады.

Әкімшілік органдарының негізгі міндеті – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік әкімшіліктің заңсыз әрекеттерін қорғау. Қазіргі жағдайда арыз жазған адамның уәждері оның ғана дәлелдерімен шектелмейді, бұл ретте мемлекеттік органдарға арызданушының уәжіне қатысты дәлелдемелерді сотқа ұсыну ауыртпалығы жүктелген. Сонымен қатар сотта судьялар екі тараптың ұсынған дәлелдемелерімен шектеліп қалмайды, судья талап шегінен шықпай өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың (мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар) түсініктемесі, арызы, өтінішхаты бойынша қосымша дәлелдемелерді жинақтай алады.

**Бақыт ТУРАНОВА,**
**Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы.**

ТЫҢ ТӘСІЛ

# ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ

**Бүгінгі таңда қарапайым халықтың сотқа деген сенімін арттыру мақсатында еліміздің сот жүйесін жетілдіру, оның жұмысына озық ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу мәселелері мықтап қолға алынуда.**

Осындай пәрменді шаралардың бірі Қазақстандағы электрондық сот ісін жүргізудің тұжырымдамасы болып табылады. Оның өзектілігі Қазақстан Республикасындағы сот реформасын одан әрі ілгерілетуге, сот төрелігінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, сот жүйесін ашықтығы мен айқындығына қол жеткізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық құқық нормаларымен және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттармен сәйкестендіруге бағытталған 2050 Стратегиясын іске асыруға байланысты артып отыр. Осыған орай, жедел ақпарат алмасудың технологиясы дамыған шақта сотқа жүгінудің инновациялық тәсілдері іске қосылып, ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолданудың нәтижесінде бұқараның басым бөлігі сот төрелігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи жобалардың толықтай игілігін көріп отыр.

Заңды тетік қалыпты жұмыс істеуі үшін және реттеуші рөлін атқаруы үшін соттардың қызметі, сондай-ақ олардың шығарған шешімдері жайлы қолжетімді ақпараттардың ауқымын үнемі кеңейтіп отыру қажет. Іске қатысушы тұлғаларға, тиісті сот ақпаратын пайдаланушы кез келген адамға процестің даму өрісі мен оның нәтижесінің заңдылығы түсінікті болуы тиіс. Яғни, нақты сот қызметіне қатысы жоқ, әр түрлі болжамдар мен жорамалдар жасауға негіздер туындамауы үшін шығарылатын сот қаулылары мен оларды шығарудағы уәждері қоғам үшін қолжетімді ашық болғаны абзал.

Бұл тұрғыда, сот әділдігінің ашықтығын жүзеге асыру және сот жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында облысымыздың барлық соттарында «Сот кабинеті» және сот құжаттарымен танысу электронды сервистері іске қосылған. Сот кабинеті – электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған жүйе бүгінде сіңісіп, сала қызметінің қызметін оңайлатуда. Осы жүйенің арқасында кез келген азамат, немесе оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.

**Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,**
**Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.**

МАМАН МІНБЕРІ

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – БАРША ҚОҒАМНЫҢ ЖАУЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛҒА ҚАТЫСТЫ 2019 ЖЫЛҒЫ 20 МАМЫРДА ӨТКЕН КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫН БАРЫСЫНДА ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ ҮШІН БІРІНШІ БАСШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛУ МӘСЕЛЕСІН ЕРЕКШЕ АТАП ӨТКЕНІ БАРШАМЫЗҒА МӘЛІМ.**

Осы мәселені түпкілікті шешу үшін жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Ол басқа елдер сияқты, бізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруға ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Сондықтан бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Кеселге қарсы тұру үшін жемқорлық деректерін әшкерелеуде белсенді болған жөн.

**Айнагүл ҚҰТТЫБЕКОВА,**
**Көксу аудандық сотының бас маманы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР ИЕСІ

# ХАЛЫҚ ӘРТІСІ неге елеусіз қалды?

**ЖЕТІСУ ӨҢІРІ ТАБИҒАТҚА ДА, ТАЛАНТҚА ДА БАЙ ӨЛКЕ. АРҒЫ ТАРИХЫН АЙТПАҒАННЫҢ ӨЗІНДЕ КЕШЕГІ ТҰРЫСБЕК МАМАНҰЛЫНЫҢ ЖҰРТТЫҢ САУАТЫН АШУ ЖОЛЫНДА МЕКТЕП САЛДЫРҒАНЫНЫҢ ӨЗІ НЕ НӘРСЕГЕ ТҰРАДЫ. БҰЛ БІР ҒАНА АҚСУ АУДАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚҰБЫЛЫС.**

Ауыз әдебиетінде айшықты қолтаңбасын қалдырған Сара Тастанбекқызының Біржанмен айтысы да тарихи тағылым. Топырағы құнарлы, суы балдай, шұрайлы өлкеде кімдер дүниеге келмеді. Қазақ поэзиясының бәйтерегі Ілияс Жансүгіровтің де осы өлкеде дүниеге келгенін ескерсек, әдебиет әлемінде тәмсілге айналып кеткен «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деген аталы сөзін бүгін айтпайтын қазақ жоқ. Ғалымы да, алыбы да, патшасы да, ханшасы да ауыздарынан тастамайды. Әттең, тәмсілді айту бар да, осы бағаға лайық тұлғаларды елеп ескеріп жатқан ел жоқ қой. Жоғары білім алмаған социалистік Еңбек ері Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақовтардың көзін көрген, дала билерінің ділмарлығынан тәлім алған жетісудың төл перзенті, сахна саңлағы ақсулық Серік Бариұлы Шотықов Жетісу жерінде неге елеусіз қалды.

«Ер жігіт үйде туып түзде өледі» деген тәмсілді осы Серік Бариұлына қаратып айтуға болады. 1937 жылы 5 наурыз күні Талдықорған қаласы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Қызметін қарапайым жолдан бастаған тума талант «табиғатынан елгезек, сезімтал жан болған дейді», - бірге қызмет жасаған әріптестері. Оның театрға актер болып орналасуының өзі бір тарих. Бойында табиғи таланты болса да болашақ актер театрға әуелі шопырлық жұмысқа орналасудан бастапты. Жаз айларында ұзақ мерзімді гастрольдік сапарға шыққан әртістерді тасып, өнер тарландарымен күні-түні бірге жүріп, олардың қарым-қабілетін, сахнада ойнайтын рөлдерін, әр кейіпкердің сөзін көкірегіне түйіп, жадына сақтап алған Серік, бірде аяқ астынан сахнаға шығуына тура келіпті. Оған басты себеп, театрдың белді әртісі Жақып Әбілтаев қатты ауырып, оның орнын алмастыратын әртіс табылмай, театр әртістері Серікке сахнаға шығуың керек деп жата жабысқан ғой.

- «Айналайын, өзіміз көмектесеміз, суфлер сыбырлап тұрады. Мына спектакльді құлатпайық. Билет сатылып қойылды деп қолқа салыпты. рБұл драматург, жазушы Қалтай Мұхаметжановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты комедиясындағы рөл еді. Жақып Әбілтаев ойнайтын рөл фотограф Сайлаубектің об-разы болатын. Серік аға әуелі сахнаға шығудан қашқақтап, кейін артынан көніпті. Ол күнде әртістердің сахнадағы қимыл-әрекеттерін көзімен көріп, сөйлеген сөздерін құймақұлақ жаттап алған. Қойылым басталғанда суфлерді қажет етпеген шопыр бала кәнігі кәсіби әртістерше сахнада ойнақ салыпты. Міне, осы сәттен бастап Серік ағаның сахнаға деген махаббаты оянып, бар ынта-жігерін өнерге бағыттаған. Өмір жолында болған бір кездейсоқ жағдай Серік Бариұлын Қазақстанға танымал сахна шеберіне айналдырады. *«Талабы тасты жарып, дарыны дараланған Серік Шотықов, режиссер Тастан Өтебаевтың көптеген қойылымдарында басты рөлдерді сомдап, режиссердің ойы мен идеясын белгілеген межесіне жеткізуде таптырмас талант, жорғадай тайпалаған өнер тарланы екендігін мойындатты»* , - дейді қызылордалық Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрының әртістері. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, театрдың көркемдік жетекшісі болған Хұсейін Әмір-Темір: *«Сыр елінің өнерінде өзіндік із қалдырған азаматтың өз елінде де ізі қалса, есімі ел есінде сақталып, бір көшеге берілсе екен. Серікті туған жері де құрметтесе деген өзекжарды тілегін айтып қалды. Бұл азамат өнердің үлкен тұлғасы. Оны Жетісудың ел-жұрты елеп ескерсе үлкен мәртебе болар еді»*, - дейді.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бақытбек Алпысбаев: *«Қазақстанның халық әртісі Серік Бариұлымен бірге сонау 1970 жылдан бастап, ол дүниеден өткенше бірге қызмет жасадық. Сахнадағы жолдасым болды десем де болады. Гастрөлдерде бірге жүрдік. Ол кісінің өнерге деген құлшынысы, оған сондай берілгендігі екінің бірінің қолынан келмейді. Кәсібі шопырлық болса да көп оқып, көп ізденетін. Біз жоғары оқуды бітіріп келгенімізде «Сендер менің ұстазымсыңдар, сендер оқу көргенсіңдер. Мен сендерден үйренемін» дейтін. Сахнаға қалай дайындалу керектігін, рөлмен қалай жұмыс істеуді сол кісіден үйренетінбіз. Ол кісінің әлі де бергенінен берері көп еді. Құдайға шүкір, Құрмет орденінің иегері, Қазақстанның халық әртісі атағын алды. Қызылорда қаласында ол кісінің атында көше бар. Ендігі бір бұйымтай жетісулық басшылардан сұрайтынымыз, Серік Бариұлы Шотықовқа Талдықорған қаласынан бір көшенің аты берілсе, өзінің туып өскен Ақсу ауданында ол кісіні елеп, ескерсе»*, - деген өтініштерін айтады.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Зарипа Төлепова: *«Серік аға образды қалай сомдау керек, оның жан дүниесін қалай зерттеу керек екенін жетік меңгерген тұлға. Ол кісі әртістермен ерінбей, жалықпай жұмыс жасайтын. Адами қасиеті де өте жоғары кісі еді. Мен театрға келген жастардан үйренемін, олар менің ұстаздарым деп қуанатын. Әуелде мен мұны әзіл деп қабылдайтынмын. Кейін сөйлесе келе ол кісі айтады, «Менде актерлық білім жоқ қой, мен білім алып келген жастардан үйреніп жүрмін. Білмеймін деп айтуға намыстанбаймын. Білмегенімді қайта үйренгім келеді» , - деп көп ізденіп, көп оқитын. Кей кісілер болады ғой, көп оқиды бірақ алымы жоқ. Ал, Серік аға оқығанының бәрін өзінің зердесінен өткізетін. Соны өзіне өмірлік сабақ етіп алатын.* Әйтпесе, қарапайым *шопырлықтан халық әртісіне дейін көтерілу табиғи таланттың талпынысы емей немене. Ол кісіні бүкіл көрермен жақсы көретін. Халық Серік аға ойнайтын қойылымдарды арнайы сұрап, сол кісі үшін келдік деп айтатын.*

*Отбасында да қамқор әке, адал жар болды. Қапиза тәтеммен екеуі телефон арқылы әзілдесіп отыратын. Жұмыстан шығап бара жатқанда вахтада тұратын телефонмен соғып «Қапиза мен жұмыстан шықтым, қазір үйге барамын» дейтін. Ол кісі жайлы естелікті қысқа-нұсқа айтуға келмейді. Бірнеше күнге, бірнеше томға айналатын кітаптар жазуға болады. Ол кісімен ең алғаш 1983 жылы қаңтар айында осы театрға жұмысқа келіп орналасқаннан бері таныспын. Өте қарапайым, аққөңіл, әзілқой адам еді. Әп дегеннен бізді жатырқамай, қамқорлық көрсетті. Ол кісімен бір сахнада әріптес болдық. Мен Кеңесбай Рахманның «Келін» деген спектаклінде келінді, ол кісі менің атамды ойнады. Дайындық жасап жатқан кезде неше түрлі нюанстар жасайтын. Біз ол кісіге қарап күлетінбіз. Кейін репетиция біткен соң «сен неге күлесің» дейді. Ойбай аға, өзіңіз ғой жаңа күлдірген десек, «сен не мен күлдірсем күле бересің бе? Оданда өз образыңды алып шықпайсың ба» дегеніне ренжіп қалатынбыз. Сөйтсем бізді қайрап, образға ену үшін жұмыс жасайды екен ғой, оны кейіннен білдік. Ол кісі «Бәйбіше-тоқал» спектаклін қойды. Сол кезде де актерлермен қалай жұмыс жасау керектігін көрсетті»*, - деп ағынан жарылған қызылордалық әртістердің Серік Бариұлын сағынышпен еске алуы, тума таланттың қадір-қасиетін айғақтап тұрған жоқ па? Серік Бариұлы театрдың алғашқы қарлығаштарының бірі болып, 1957 жылдан әртіс болып жұмыс істейді. Қарапайым шопырлықтан сахна сырына қаны-ғып, өзіне жүктелген рөлдерді ойнай жүріп, шеберлігі шыңдалады. Өзінің 70 жылдық өмірінің 50 жылын Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театрына арнаған сахна саңлағы 250-ден астам рөлдерді сомдаған. Солардың ішінде: Дулат, Нарша М.Әуезовтің «Қаракөз», Жантық, Қарабай Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», Алдар Ш.Хұсейіновтің «Алдаркөсе», Жайнақ Ш.Айтматовтың «Ана – Жер Ана», Понти Пилат Ш.Айтматовтың «Ақырзаман», Жанпида, Ш. Шекспирдің «Король Лир», Кэлин Абабий И.Друцэнің «Ең киелі қасиет», Майор И.Эркеннің «Сау басыма сақина», Добчинский, Д. Гогольдың «Ревизор», Құнанбай И.Оразбаевтың «Мен ішпеген у бар ма», Хайдарбек Қ.Мұхамеджановтың «Өзіме де сол керек», Қария Т.Теменовтың «Алма бағы» және тағы басқа тұлғаларды сомдауда бар қажыр қайраты мен шеберлігін көрсеткен. Бір көрген адамға сахнаға кездейсоқ келгендей көрінуі бек мүмкін. Алайда, оның бойындағы табиғи таланты, өнерге деген құштарлығы, тағдырдың жазуымен театр ұжымында кішкентай қызметтен басталып, өнер әлеміндегі жарық жұлдыз болуына айналды. Арнайы театрлық білімді бес-алты жыл оқымай-ақ, Алланың бойына берген өнерін ұшқындата білу, білімді жастарды өзіне ұстаз тұтуы, олардан да сахнаның қыр-сырын үйреніп, өзі де үлгі бола білуі тек қана әртіс болып қана қоймай, спектакльдер қойып, өнердің жілігін шағып, майын ішкен кәсіби режиссерлармен иық тірестіруі хас шеберлік емей немене? Талантты актер режиссер таңдамайды десек те қайсы бір режиссердің тұсында оның жұлдызы жанатын кездері болады. Режиссер мен актер шығармашылық ізденіс жолында тіл табысып, небір қиын да күрделі бейнелерді бірге дайындап, сахналық табыстарға жетіп жатады. Серік үшін де режиссер Хұсейін Әмір-Темірмен бірге қызметтес болған жылдары ерекше жемісті уақыт болғанын театр әртістері айтады. Оның ең алғашқы спектаклі Қозы Көрпеш-Баян сұлуда Жантық рөлін бейнелеп, аяусыздық пен зұлымдықтың белгісіндей кейіпкерді шығарса, «Антта» Төле бидей кемеңгерді, «Король Лирде» патшаның бүкіл трагедиясын өз мойнына арқалаған сайқымазақты, «Сау басыма сақинада» фашизм ұғымының сұрқия символы болған майорды, «Зұлымдық пен махаббатта» өз мақсаты үшін адам атаулыны сатып кете беретін Вурмды, «Ең киелі қасиетте» жаны жайсаң, қарапайым ауыл философы Кэлин Абабийді, «Көктөбедегі кездесуде» жаны шырылдап шындыққа ұмтылған Мәмбетті және тағы басқа да үлкенді-кішілі бейнелерді сахналап, режиссер мен актердің бірлескен одағын құрғандай болды.

Режиссердің ойын дөп басып, оның межелеген жерін өзі ойлағаннан да бетер жеріне жеткізетін, қабілетті әртісі бар режиссер бақытты. Осындай игі нышанды қазіргі жас толқын өкілдерінен де бірсыпыра жастар қапысыз көрсетіп келеді.

1977 жылы В.Шекспирдің «Король Лирінде» Шутты жоғары деңгейдегі шеберлікпен ойнағаны үшін республикалық классикалық спектакльдер байқауында 1-ші дәрежелі дипломмен наградталды, ал И.Эркеннің «Сау басыма сақина» спектакліндегі майор бейнесін кемеліне келтіре ойнағаны үшін Бүкілодақтық байқаудың лауреаты атанды.

1976 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 2005 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің, Қызылорда облыстық атқару комитетінің, КСРО және Қазақстан Мәдениет Министрлігінің грамоталарымен марапатталған.

Актердің өскелең өнері оның режиссурамен де айналысуына мүмкіндік жасады. Ол қойған Қ.Сүйенішовтің «Кемпір шалдың кенжесі» комедиясын, Қ.Найманбаевтың «Анонимка», Д.Исабековтың «Тыныштық күзетшісі» спектакльдерін жұртшылық жылы қабылдады.

Бақытбек Алпысбаев

Зарипа Төлепова

Хұсейін Әмір-Темір

2001-2003 жылдары театрдың көркемдік жетекшісі қызметін атқарып, ұжымды өнер жолына ұйыстыра білді, біліктілік танытты. Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», О.Бодықовтың «Үйленгім келмейді», С.Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз» спектакльдерін сәтті сахналады.

Осындай шығармашылық биік өнері өрісті табыстары ескеріліп, С.Шотықов 1980 жылы Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі, 1990 жылы Қазақстанның халық әртісі, Құрмет орденінің иегері атанды.

Қызылорда облысы Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ драма театр ұжымы 70 жыл ғұмыр сүріп, соның елу жылын сахнаға арнаған хас шебер, Қазақстанның халық әртісі, Құрмет орденінің иегері Серік Бариұлы Шотықовтың есімі Жетісу жерінде ескерусіз қалмаса дейді. Мақала басында Ілияс Жансүгіровтің тәмсілге айналған тәлімді сөзін біз бекерге қайталап отырғамыз жоқ. Өнерге өшпестей із қалдырған айтулы тұлғаны актердің туған өлкесі де, облыс әкімі Қанат Бозымбаев та қызылордалық әртістердің қолқа ұсыныстарын назарға алады деп үміттенеміз. Барды бағалай білу, жақсыны дәріптеп, есімін ел есінде мәңгі қалдыру тірілердің міндеті. Бұл пікірді Ақсу ауданының әкімдігі де ескерер деген үміттеміз.

**Айтақын МҰХАМАДИ**

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

# НЕЗНАНИЕ ЗАКОНОВ НЕ ОСВОБОЖДАЕТ ОТ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

**К великому сожалению не все люди понимают главное значение фразы "незнание законов не освобождает от ответственности". Смысл ее сравнительно прост, хотя может показаться странным определенным группам населения.**

Так, подразумевается, что человек обязан разбираться в законодательстве. А многие практически ничего не знают о своем законодательстве, пока вплотную не столкнутся с его применением и нормами. Это бывает в случаях, когда человек попадает под административную, уголовную и любую другую ответственность. Ведь всякое в жизни случается.

В такие моменты незнание законов отнюдь не помогает найти выход из ситуации. Потому что, даже если человек ничего не знает, это вовсе не является причиной его невиновности. К примеру, человек может не знать, что курить в общественном месте запрещается. Но при этом, если его поймают, он все равно по полной программе должен отвечать за свои действия.

В связи с этим не лишним будет напоминать читателям, об ответственности за то или иное нарушение, чтобы прежде чем совершить какое либо действие знали, что это правомерно или нет.

Например, согласно статья 201 Уголовного кодекса Республики Казахстан незаконное проникновение на чужой земельный участок, повлекшее причинение существенного вреда правам или охраняемым законом интересам граждан или организаций либо охраняемым законом интересам общества или государства, совершенное с применением насилия либо с угрозой его применения или группой лиц или сопровождавшееся незаконным обыском, а равно незаконный захват чужого земельного участка – наказываются штрафом в размере до двух тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до шестисот часов, либо ограничением свободы на срок до двух лет, либо лишением свободы на тот же срок.

Деяния, предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные лицом с использованием своего служебного положения, – наказываются штрафом в размере до трех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до восьмисот часов, либо ограничением свободы на срок до трех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.

**Айгуль КАСЕНОВА,**
**судья СМУС Алматинской области.**

МЕДИАЦИЯ

# ВЫГОДНАЯ СДЕЛКА ДЛЯ СТОРОН

**Снова хотелось бы напомнить населению об эффективности медиации. С 01 января 2016 года на законодательном уровне путем включения в новый Гражданский процессуальный кодекс, действует судебная медиация – примирительная процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами судебного процесса при содействии судьи, осуществляющего примирительные процедуры, в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон.**

Медиация – форма внесудебного разрешения споров с помощью третьей нейтральной, беспристрастной стороны – медиатора. Так, согласно ст.9 Закона Республики Казахстан «О медиации» медиатором может быть независимое, беспристрастное, не заинтересованное в исходе дела физическое лицо, выбранное по взаимному согласию сторон медиации, включенное в реестр медиаторов и давшее согласие на выполнение функции медиатора.Деятельность медиатора может осуществляться как на профессиональной основе (профессиональный медиатор), так и на общественных началах (общественный медиатор).Медиатор - это не защитник, не обвинитель, не арбитр, не консультант, не советчик и не переносчик информаций, а есть независимое, нейтральное и беспристрастное физическое лицо, выбираемое сторонами спора, который помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения их конфликта.

Во время процедуры медиации стороны, участвующие в конфликте, самостоятельно приходят к взаимовыгодному решению, опираясь на опыт, знания и умения медиатора. Разрешение споров полностью зависит от воли самих спорящих. Особенностями медиации является то, что процедура гибкая, неофициальная и неформальная. В медиации не выясняется кто прав, а кто виновен. Основная цель медиации – конструктивный поиск решений возникших противоречий. Внедрение медиативных форм разрешения споров окажет позитивное воздействие на судебную систему.

Порядок и процедура проведения медиации, установленные статьями 179-180 ГПК РК, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации может быть заявлено сторонами в судах первой, апелляционной и кассационной инстанции. При проведении судебной медиации, передача дела в производство другого судьи не обязательна, по ходатайству сторон процедуру медиации может провести и судья, в производстве которого находится дело, тем самым стороны экономят свое время и время суда.

Соглашение об урегулировании спора (конфликта), достигнутое сторонами медиации при проведении примирительных процедур, заключается в письменной форме и подписывается сторонами. При достижении сторонами соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке судебной медиации судья, в производстве которого находится дело, выносит определение, постановление о его утверждении и прекращении производства по делу.

**Айнур ОРМАШЕВА,**
**главный специалист**
**Талдыкорганского городского суда.**

ФИНАНСОВАЯ ПИРАМИДА

# ПРИВЛЕКАТЬ К УГОЛОВНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

## за рекламу финансовых пирамид предлагает МВД

**Привлекать к уголовной ответственности за рекламу финансовых пирамид предлагает МВД. Предложение об этом ведомству уже направило в прокуратуру, передает КТК.**

Известные казахстанские блогеры, актеры, певцы и спортсмены зачастую призывают вложить деньги и приумножить накопления, ничего не делая.

Потом, уже в полиции, пострадавшие объясняют, что потеряли бдительность и свои миллионы в том числе из-за таких убедительных рекомендаций. Но сейчас за рекламу финпирамид известным представителям отечественного шоу-бизнеса ничего не грозит. Что касается самих мошенников, к ответственности удалось привлечь 126 человек. 38 осуждены, по остальным процесс продолжается. В МВД говорят, что мошенников с деньгами найти очень сложно, так как все средства утекают за рубеж.

*«Эффективным средством, по нашему мнению, должна явиться криминализация состава преступления, связанного с рекламой, рекламной деятельностью финансовых пирамид и установление за это уголовной ответственности. Соответствующее предложение мы направили в Генеральную прокуратуру»,* — сказал начальник следственного департамента МВД РК Санжар Адилов. За прошлый год от таких организаций в Казахстане пострадали 30 тысяч человек, потеря в сумме 54 миллиарда тенге.

СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ

# БУДЕМ ПОМНИТЬ ВСЕГДА!

24 января 2022 года ушел из жизни потрясающий наставник, отличный спортсмен и прекрасный человек – Евдаков Владимир Дмитриевич.

Он родился 23 ноября 1935 года на станции Отар Жамбылской области.

Свой трудовой путь начал Владимир Дмитриевич в Текелийском ЦРММ токарем. Затем в разные годы работал тренером по футболу в спортклассе на базе средней школы №5, директором дворца спорта, методистом по спорту ТСЦК. Евдаков В.Д был всесторонне развитым человеком. Он вел активный образ жизни. Был отличным бильярдистом, футболистом и точно так же он любил играть в городки и вел секцию любителей этого вида спорта.

Ко всем своим воспитанникам относился по отцовски. Учил быть честными и справедливыми. Но во время тренировок ни к кому поблажек не было.

Евдаков В.Д. очень многим мальчишкам привил любовь к спорту и большинство его воспитанников играли за сборную города Текели и Алматинской области. Трое его воспитанников играли в командах мастеров РК.

Будучи на пенсии, Владимир Дмитриевич не сидел сложа руки – помогал в организации и в судействе футбольных матчей города Текели.

Светлая память о Владимире Дмитриевиче Евдакове останется в сердцах всех, кто его знал и уважал.

**Бывшие коллеги**
**А.Е.Калысбаева, В.Э.Орлов.**

ИЗ ЗАЛА СУДА...

# СУД ВОССТАНОВИЛ ГРАЖДАНИНА В ПРЕЖНЕЙ ОЧЕРЕДИ НА ПОЛУЧЕНИЕ ЖИЛЬЯ

***Из обстоятельств дела и представленных сторонами документов следует, что истец Г. со 2 мая 2007 года состоял в очереди на получение жилья в Отделе ЖКХ как нуждающийся в жилище по категории «государственный служащий».***

Однако, согласно полученной истцом справке из Сервисного программного продукта (СПП) от 12 июля 2021 года дата постановки в очередь истца Г. указана уже 23 июля 2012 года.

Письменное обращение истца от 13 июля 2021 года о восстановлении в прежней очереди осталось без внимания со стороны ответчика, в нарушение требований норм Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

Истец, обратившись в суд с иском, просил восстановить нарушенные его права и законные интересы.

При рассмотрении в суде административного дела установлено, что дата постановки на учет гражданина Г. на момент подачи заявления является 02 мая 2007 года, о чем свидетельствуют периодические ответы Отдела ЖКХ на обращения истца, а также не оспаривается представителем ответчика.

В этой связи, суд, руководствуясь принципами административной юстиции – принцип приоритета прав и презумпции достоверности, а также исходя из критериев справедливости и разумности, счел необходимым заявленные удовлетворить исковые требования в части восстановления нарушенных прав в постановке очереди для получения жилища на момент подачи заявления со 02 мая 2007 года.

Решение суда вступило в законную силу.

**Дархан ТОКБАЕВ,**
**судья СМАС Алматинской области.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

## БЕЙЖІҢ - 2022

# ФРИСТАЙЛШЫЛАР СЕНІМДІ АҚТАМАДЫ

**Аптаның алғашқы күні Бейжің Олимпиадасында алты жүлде жиынтығы сарапқа салынды. Қазақстандық жанкүйерлердің назары фристайлшыларға ауды. Өйткені әйелдер акробатикасынан өткен жарыста қазақстандықтар – Жанбота Алдабергенова мен Ақмаржан Қалмұрзаева өнер көрсетті.**

Алғашқы сынақта екеуі де сүрінді. Жанбота 12-сатыға жайғасса, Ақмаржан 19-орында қалып қойды. Екінші іріктеу сайысында Алдабергенова білгенінен жаңылып, жарысты мерзімінен бұрын аяқтады. Ал Қалмұрзаева өз тобында үздік шығып, бірінші финалға жолдама алды. Бірақ шешуші тұста жерлесіміз өзін жақсы қырынан көрсете алмады. Екінші рет ортаға шыққанда жарысты жалғастыруға да-йын болмаса, үшіншісінде тым аз ұпай жинап, қорытынды есепте 11-орынды қанағат тұтты. Бұл жарыста негізгі бәсекелестік қытайлық Сюй Мэнтао мен белоруссиялық Анна Гуськова арасында өрбіді. Екеуі де өте мықты спортшылар. Мэнтао – Олимпия ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері, Гуськова – Пхенчхандағы ойындардың жеңімпазы. Өте шиеленісті өткен тартыста жергілікті фристайлшының асығы алшысынан түсті. Беларусь өкілі күміспен күптелсе, қола медаль американдық Меган Никке бұйырды. Біздің Ақмаржан Қалмұрзаева дәл осы АҚШ өкілінен екінші іріктеу сынында озған болатын.

Шаңғымен трамплиннен секірудің (HS140) командалық сайысында құрамында Штефан Крафт, Даниэль Хубер, Ян Херль және Мануэль Феттнер сынды саңлақтары бар Аустрия алдына жан салмады. Екінші және үшінші орындарда – Словения (Ловро Кос, Цене Превц, Тими Зайц және Петер Превц) мен Германия (Константин Шмид, Штефан Ляйе, Маркус Айзенбихлер және Карл Гайгер).

Мәнерлеп сырғанаудағы бишілер бәсекесінде франциялық жұп – Габриэла Пападакис пен Гийом Сизеронның бағы жанса, одан кейінгі орындарды Виктория Синицина мен Никита Кацалапов (Ресей) және Мэдисон Хаббелл мен Закари Донохью (АҚШ) еншіледі. Ал басқа спорт түрлері бойынша тек қана іріктеу сайыстары өтіп, сол сынақтан сүрінбегендер финалда күш сынасу құрметіне ие болды.

Шайбалы хоккейден өтіп жатқан жарыс та көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Қазіргі кезде ерлер арасындағы бәсекеде барлығы 12 құрама үш топқа бөлініп бақ сынауда. Солардың арасынан бірінші орын алғандары тікелей ширек финалға жолдама алды. Олар – АҚШ, Финляндия, Швеция және Ресей құрамалары. Кеше түнде Дания мен Латвия, Чехия мен Швейцария, Словакия мен Германия және Канада мен Қытай хоккейшілері өзара күш сынасты. Ширек финалдық сайыстар бүгін өтеді. 18 ақпанда жартылай финалды тамашалаймыз. Ал 19 және 20 ақпан күндері Олимпия ойындарының жеңімпазы мен жүлдегерлері анықталады.

Әйелдер арасындағы хоккейшілер жарысының жартылай финалдық сайыстары аяқталды. Бұл межеде Канада Швейцарияны 10:3 есебімен ұтса, АҚШ Финляндиядан айласын асырды – 4:1. Енді ертең көршілес екі мемлекеттің өкілдері бас жүлдені өзара сарапқа салады. Жеңіліс тапқан командалар қола медаль үшін таласады.

Жалпы есепте әлі де Норвегия алда келеді. Олар 9 алтын, 5 күміс және 5 қоланы олжалады. Басты қарсыластарынан Германияның бір бас жүлдесі кем. Одан бөлек, немістерде 5 күміс пен 2 қола медаль бар. АҚШ (7+6+3) үшінші орынға жайғасса, Нидерланд (6+4+2) пен Аустрия (5+6+4) төртінші және бесінші сатыларға табан тіреді. Сондай-ақ Швеция (5+3+3), Қытай (5+3+2), Ресей (4+6+8), Франция (3+6+2) және Швейцария (3+0+5) озық он команданың қатарында. Осы жарыста барлығы 21 мемлекеттің әнұраны шырқалып, 26 елдің туы биікте желбіреді. Өкінішке қарай, олардың қатарында Қазақстанның спортшылары жоқ.

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

***Қазақстанда спорт ғылыми-зерттеу институты құрылады. Бұл туралы Ұлттық Олимпиада комитеті спорт дирекциясының директоры Елсияр Қанағатов айтты, деп хабарлайды Egemen.kz Vesti.kz сайтына сілтеме жасап.***

Оның айтуынша, ғылыми-зерттеу институты болуы спорттағы жетістіктерді дамытуға көмектеседі.

*«Ұлттық Олимпиада комитеті спорттық медицинада оң жұмыстар атқарды. Медициналық орталықтар құрдық, заманауи жабдықтар сатып алдық, жан-жақты ғылыми топ мамандарын оқытуға тырысып жатырмыз. Бірақ бұл жеткіліксіз. Өкінішке қарай, бізде ғылыми-зерттеу институты жоқ. Бұл бұқаралық спорт үшін де, жетістікке жету үшін де қажет. Мұндай ғылыми-зерттеу институтын құру мәселесі қазір де бар. Спорт ғылымы біздің жаттықтырушыларымызға көмектесу үшін жұмыс істеуі керек. Жаттықтырушылар ақпарат табуға тырысады, үйренеді, бірақ оны жүйелі түрде жүргізу керек. Барлық Олимпиада мен Токио олимпиадасының қорытындысы Үкіметте осы ғылыми-зерттеу институтын құруға назар аудартады деп үміттенеміз.*

*Бұл жұмысты мәдениет және спорт министрлігі жүргізіп жатқанын білемін. Бұл туралы Үкімет деңгейінде шешім шығарылды. Оның жұмыс істеуі үшін аз ғана уақыт қажет»*, деді Е. Қанағатов.

## ВЕЛОСПОРТ

**Қазақстандық Astana Qazaqstan Team веломомандасының өкілі Алексей Луценко Испания тас жолында өткен бір күндік «Классика Хаэн» веложарысының жеңімпазы атанды.**

# АЛҒАШҚЫ ЖАРЫСЫН ТІРКЕДІ

Испанияның ЮНЕСКО қамқорлығындағы ең көне екі қаласы – Баэса мен Убеда аралығын жалғаған 188 шақырым қашықтықта Қазақстан чемпионы Алексей Луценко алдына жан салмады. Lotto Soudal командасының бельгиялық өкілі Тим Велленс мәре сызығын екінші болып қиып өтсе, тағы бір бельгиялық велошабандоз Лоик Влиген (Intermarché – WantyGobert Matériaux) үшінші сатыға табан тіреді.

Бір күндік жарыста Луценконың жеңіске жетуіне Astana Qazaqstan Team веломомандасының өкілдері – Нұрберген Нұрлықасым, Дмитрий Груздев, Юрий Натаров, Евгений Федоров (бәрі де – Қазақстан), Мигель Анхель Лопес (Колумбия) және Давиде Мартинелли (Италия) көмектесті.

Айта кетейік, А.Луценко осы нәтижесінің арқасында жаңарған Astana Qazaqstan Team веломомандасының халықаралық жарыстардағы алғашқы жеңісін тіркеді.

## КАРАТЭ

# ГУЗАЛИЯ ГАФУРОВА НЕГЕ МҰҢАЙДЫ?

**БАРЛЫҚ СПОРТШЫНЫҢ АРМАНЫ – ОЛИМПИЯ ОЙЫНДАРЫ МЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТТАРЫНДА ЖӘНЕ ҚҰРЛЫҚТЫҚ ДОДАЛАРДА ТОП ЖАРУ ЕКЕНІ ТҮСІНІКТІ. ОНДАЙ ТАБЫСҚА, ӘРИНЕ, ШҮМЕКТЕП ТӨККЕН ТЕРДІҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАДЫ.**

Талай додада қарсыластарынан айласын асырып, көк туды көкте желбіреткен спортшыларымыздың жеңісті һәм жемісті кәсіби мансабы туралы бәріміз жақсы білеміз. Алайда олардың алғашқы жеңісі мен жеңілісі туралы сұрай бермейтініміз бар. Каратэ спортынан екі мәрте Азия ойындарында топ жарған Гузалия Гафурова көптеген жарыста жеңістің биік тұғырынан көрінгені мәлім. Алайда алғаш рет жеңілістің кермек дәмін татқан кезде ол қатты мұңайған болатын...

*«Алғашқы жеңісті ұмыту мүмкін бе екен? Ең алғашқы жеңісіме Қаратау қаласында өткен жарыста қол жеткіздім. Ол кезде менің спортпен шұғылдана бастағаныма бір ай да толмаған болатын. Бұл – менің бірінші жарысым. Ең бірінші турнирімде бірінші орын алғаным естен кетпейді. Балалық көңілмен өте қатты қуандым, бақыттан басым айналғандай күй кештім. Анашым да мәз болып, қуанышымды бөлісті. Сол күні Жамбыл облысының Байзақ ауданына қарасты Қызыл жұлдыз ауылындағы барлық көршілерім жиналып, алғашқы жеңісімді жақсы көңіл күйде атап өттік. Ол күнді ешқашан жадымнан шығармаймын. Ал ең бірінші жеңілісім Петропавл қаласында өткен жарыста тіркелді. Ол күн мен үшін күрсініспен еске алатын сәттердің бірі болып қала береді. Тұңғыш рет облыс аумағынан шығып, сыртта ұйымдастырылған жарысқа аттандым. Мені сол жарысқа жіберу үшін анашым бізге тиесілі жердің бір бөлігін сатып жіберді. Сейтіп мені жалғыз жібермей, қасыма әпкемді қосты. Батасын беріп, шығарып салды. Сол кезде жан дүнием астан-кестен болып кетті. Сенім үдесінен шыға алмағаным үшін қатты өкіндім. Анашымның менің ешкімнен кем болмауым үшін жеріміздің жартысын сатып жібергенін ойлап тіпті күйзеліп кеттім. Ол кез есіме түссе, әлі де мұңаямын»*, дейді спортшы.

12 жасынан бастап каратэ спортын жанына серік еткен Гузалияның 2014 жылы Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өткен Азия ойындарында топ жаруы заңдылық секілді көрінгенімен, 2018 жылы Индонезия астанасы Джакарта қаласында жалауы желбіреген Азия ойындарында одан көп адам алтын жүлде күтпеген болатын. Себебі де түсінікті ғой. Отбасын құрғаннан соң декреттік демалысқа кеткен еді. Алайда қызы алты айға толғаннан кейін тыныш жатпай, жаттығуды бастап кетті. Иә, елордадан Таразға қайта келді. Жаттықты. Шүмектеп төккен тердің арқасында екінші мәрте Азия ойындарының чемпионы атанды. Жарысқа аттанар алдында «қола жүлде алсам да жетеді ғой» деген Гафурова осылайша көк туымызды көкте желбіреткен еді.

Дулатбек Құсбеков секілді білікті бапкерден тәлім алған Гузалия Гафурова бабында жүрген кезде каратэ спорты Олимпия ойындарының бағдарламасына енгенде қазақстандық спортшы төртжылдықтың басты додасынан да олжалы оралар ма еді, кім білсін?

Egemen.kz сайтынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

# ҰСТАЗ БОЛУ – ҮЛКЕН БАҚЫТ

**ҰСТАЗ БОЛУ – БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ БОЛУ. БАЛАМЕН БІРГЕ ОЙНАП, БІРГЕ КҮЛІП, САБАҚ ҮЙРЕТІП, ОНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБУ. ШӘКІРТІ АЙТҚАНЫН ІЛІП АЛЫП КЕТІП, ӨЗІНІҢ КӘДЕСІНЕ ЖАРАТСА, ҰСТАЗҒА ОДАН АРТЫҚ ЖЕТІСТІК ЖОҚ. БАЛАНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖОЛ НҰСҚАЙТЫН ҰСТАЗДАРДЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК. «МЕЙІРІМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ОСЫНДАЙ ҰСТАЗДАР ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП, ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР САНЫ АРТА ТУСУДЕ.**

Соның бірі – Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының тумасы Қуаныш НҮКІШЕВ. Ол 1998 жылы Алматы қаласында орын тепкен Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебін бітіріп, 2002 жылы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясын (домбыра) тәмамдады. Кейін мамандығы бойынша Құрманғазы атындағы халық оркестрінде, 2004-2013 жылдар аралығында білім саласында және 2013 жылдан бастап, Алматы облысы Сүйінбай атындағы филармонияның «Сазген» фольклоры-этнографиялық ансамблінде аспапшы болып еңбек етті. Бүгінде Қуаныш Нүкішев «Мейірім» шығармашылық орталығында балаларға домбыра үйірмесінен сабақ беруде.

– *«Мейірім» орталығында қызмет атқарып келе жатқаныма үш айдың жүзі болды. Қазіргі өсіп келетін жас буынның домбыраға деген құлшынысы өте зор. Оқушыларыма әрқашан да құлақпен тыңдай отырып, есте сақтаңдар деп отырамын. Себебі, құймақұлақтық тәсілі тез үйреніп, тез жаттауға көмектеседі. Солайша әрбір сабақта бір күйден үйреніп отыруға тырысамыз. Оқушылардың үлгерімі жақсы, барлығы қабілетті. Қазақтың қасиетті аспабының ұмытылмай, керісінше көптеген баланың қызығушылықтарының артып жатқанына ризамын,* – деп ағынан жарылды ол.

Иә, қаншама ғасыр қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, қиын-қыстау күндеріне куә болған домбырадан артық халықтың күйін шертіп, мұңын айтар не бар? Оның бойында күллі қазақтың тарихы, мұң-зары, қуаныш-қайғысы, өткені мен бүгіні бар. Сондықтан да болар қай үйге кіріп барсаң да қасиетті домбыраның алар орны – төр. Бұл бір ғана музыкалық аспапты ғана емес, күллі казақты, тарихыңды құрметтеу.

Әр адам мамандық майданына әр түрлі жолмен келеді. Бірін бала кездегі арманы жетелесе, енді біріне мамандықты тағдырдың өзі таңдап береді. Біздің кейіпкеріміздің де ұстаздық жол маңдайына жазылған тағдыры десек қате айтпаймыз. Себебі, әр баланың сабақтан бір түйір дүние үйренуіне өзіндік үлесін қосып жүрген ұстаз оқушыларына бар білгенін үйретуден аянбай келеді.

– *Екі ішектен ғана тұратын музыкалық аспаптың ерекшелігіне шынымен де таңданасың. Одан шыққан әсем әуеннің осынау екі ішекті аспаптан тарап жатқаны қайран қалдырады. Домбырада ойналатын күйдің ерекше қоңыр үні бар. Ол ет жүрегіңді елжіретіп, көзіңе қазақтың кермиық даласын, дархан көңілін елестетеді. Оны ести отырып еліксіз елтисің, еріксіз әуенге берілесің,* – дейді музыка маманы.

* * *

«Мейірім» орталығындағы тағы бір білікті маман – Елена ЖИЕМБАЕВА. Алматы облысына қарасты Сарқан ауданында дүниеге келген кейіпкеріміз Н.Островский атындағы орта мектепті бітірген соң Жетісу экономикалық институтына оқуға түсіп, артынша Жетісу мемлекеттік университетіне ауысып, 2011 жылы жоғары оқу орнындағы дизайн мамандығын тәмамдайды.

Оқуын бітірген соң мамандығы бойынша түрлі тапсырыстар қабылдап, көптеген балабақшаның безендіру жұмыстарын жасапты. Ал, оның сурет салуға деген ынтасын анасы мен ұстаздары ашқан. Себебі, анасы бос уақытында сурет салумен айналысыпты. Күнделікті сурет салатын анасына қарап оның сурет әлеміне деген қызығушылығы артқан.

2021 жылдың желтоқсанынан бастап ол Өтенай ауылындағы «Мейірім» шығармашылық орталығында сурет салу үйірмесінің жетекшісі болып қызмет етті. Қазіргі таңда «Мейірім» орталығының бас корпусына ауысып, сол жерде еңбек жолын жалғауда.

– *Маған оқушыларымның көңіл-күйіне қараған өте ұнайды. Бұл эмоцияны ештеңемен алмастыра алмайсың. Олардың «мәссаған» деген бір сөзінің өзі мені ары қарай алға жылжуға жетелейді. Іштей өз-өзіме «демек мен жақсы үйретіп жатырмын ғой» деп қоямын. Мен үшін балалардың бәрі бірдей, оларды бөліп жармаймын. Әр оқушымның өзінің мінезі, сурет салудағы жеке қолтаңбасы бар. Әрқайсысының ішінен кімнің қандай деңгейге жететінін, кім өзіне берілген жұмысты атқара алатынын, ал кімге қиындық тудыратынын біліп отырамын. Жалпы айтсам, оқушыларым өте жақсы, қолдарынан барлығы келеді.*

*Сурет салу деген мен үшін – іштегі сезімді шығару. Өз басым толық бір күн табиғатты салуға уақыт арнай аламын, ал екінші күні жан-жануарларға немесе аң-құстарға көңіл бөлемін. Бұл дегеніміз – қоршаған ортаға деген махаббат. Міне, осы сезімді оқушыларыма да барынша жеткізгім келеді. Сурет өнері – сөзбен айтып жеткізе алмайтын, жұмбақ әлем және үлкен тер төгерлік еңбек. Жұмысыңды жоғары деңгейде аяқтасаң, келесісін жақсы*

*көңіл-күйде жасап кететіндей үлкен күш аласың. Осының барлығын балаларға жеңіл тілмен түсіндіруге тырысамын.*

*Меніңше, баланы кішкене кезінен бастап ішкі сезімге, махаббатқа құштар болуға үйрету керек. Сонда ол жеткіншек болып өскенінде артынан із қаларлық ұлы дүниелерді жасай алады,* – дейді суретші Е. Жиембаева.

Ұжымды ұйыстырып ұстап, оқушының ойындағысын дөп басып айтып, шәкірт болашағының жарқын болуын қалайтын ұстаздар жұмыста ғана емес, ел ішінде, ағайын-туыс ортасында да абыройлы. Телегей теңіз секілді білімімен ғана емес, өң бойындағы өздеріне тән ерекше мінездерімен де оқушыларға үлгі. Осындай ұстаздары тұрғанда орталықтың қандай шәкірті болмасын үлгілі, дарынды болып қалыптаса бермек.

**Дайындаған: А. НҰРЖАПАР.**

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

# ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДАҒЫ ПАЙДАЛЫ КЕҢЕСТЕР

***Көптеген аурулардың алдын алу үшін дұрыс тамақтану керегін естіп жүрміз. Дұрыс тамақтануды қолға алған кезде қандай кеңестерді ескерген жөн? Басты ереже – ағзаны күйзеліске түсірмеу. Себебі калорияның бірден азайып кеткенінен ағза қиналады. Сондықтан дұрыс тамақтануға зиянды тамақтарды пайдалы өнімдермен біртіндеп ауыстыру арқылы көшу керек.***

***1. Термиялық өңдеуді азайту***

*Егер көкөністерді ұзақ қайнатса және етті ұзақ бұқтырып пісірсе, ондағы пайдасы азая түседі. Сондықтан термиялық өңдеу барынша аз болуы керек. Ендеше, қуырылған тамақтардан бас тартып, оның орнына буға және суға піскен тамақтарды таңдаңыз.*

***2. Түрлі өнімдер тұтыну***

*Рационда әртүрлі өнімдер болуы керек: ет, саңырауқұлақ, көкөніс, бұршақ тұқымдастар, жемістер және т.б. Әр өнім – дәрумендер мен минералдардың көзі.*

***3. Уақытында тамақтану***

*Күні бойы өзіңізді жақсы сезіну үшін және күш жинау үшін тамақтану аса маңызды болып келеді. Кесте бойынша тамақтануды әдетке айналдыру арқылы ұйқы реттеледі, жүйке жүйесі қалпына келеді және қысым мен қан тамырлар жағдайы жақсарады.*

***4. Тұз бен қантты бақылауда ұстау***

*Тұз бен қанттың мөлшерін шектеу қажет. Газдалған сусындарды мүлдем ішпеген жөн: олардың құрамында қант мөлшері өте көп. Оның орнына көк шай мен компот ішіңіз. Рационыңызда жаңа піскен пісірмелер (тәтті тоқаштар мен бәліштер) және калориясы көп десерттер бар кезде дұрыс тамақтану жайында сөз жүрмейді.*

***5. Пайдалы тіскебасарлар***

*Ағза жаңа рационға бірден үйреніп кете алмайды, сондықтан оны аса шектеудің қажеті жоқ. Бірақ сонда да бутерброд немесе тәтті тоқаш сияқты тіскебасарлар жайында ұмыту керек. Оның орнына жемістер, дәнді печеньелер, айран, жаңғақ немесе кепкен жемістер жеңіз. Таңғы ас, түскі ас және кешкі аста ғана тамақтану керек деген қатып қалған ереже жоқ. Диетологтар аз-аздан бірақ күніне 5-6 рет тамақтану керегін айтады. Сондықтан негізгі тамақтану уақыттарының арасында пайдалы тіскебасарлар жеуді ұмытпаңыз.*

***6. Сағат 18:00-ден кейін тамақ жеуге болады***

*Кей адамдар түнге дейін жұмыс істейді немесе үлкен қалада тұратын адамдар үйге келіп тамақ істегенше уақыт 20:00-ден асып кетіп жатады. Яғни, олар үшін 18:00-ден кейін тамақ ішпеу қиынға соғады. Өзіңізді аса қинаудың қажеті жоқ: бастысы, ауыр тамақтарды (макарон, қарақұмық, күріш және т.б) жеңіл өнімдерге (көкөністер салаты, суға не буға піскен ет, айран және т.б) ауыстырыңыз.*

***7. Түскі ас ережесі***

*Кешкі астың жеңіл, ал түскі ас, керісінше, тойымды болуы керек екенін естиміз. Бірақ бұл ақпаратты әркім әртүрлі түсінеді. Тойымды тамақ дегеніміз, оның көп болуын білдірмейді. Дұрыс тамақтануға көшкен кезде әдеттегі тамақ үлесін біраз азайту керек болады. Бірақ тамақ санын өзгертпеңіз. Мысалы: түскі асқа аздап сорпа*

*ішіңіз, көкөністі салат пен аздап еті бар тамақ жеңіз және бір стақан айран (компот) ішіңіз.*

***8. Таңғы ас – тәңірден***

*Көпшілік таңғы асқа жеткілікті уақыт бөле бермейді. Таңғы ас ішпеуге сылтау көп: "үлгермеймін", "оның орнына ұйықтап алайын", "таң атпай тамақ батпайды" және т.б. Сөйтіп, асығыс үйден не жұмыстан тәтті печеньемен бір стақан шай не кофе ішіп алады. Бұл дұрыс емес. Таңғы асқа ботқа, омлет немесе салат дайындау керек.*

***9. Етті дұрыс таңдау***

*Ет – пайдалы өнім. Одан толықтай бас тартудың қажеті жоқ. Тек оның майлы түрлерін алмаңыз. Сонымен қатар, оны қалай дайындайтыныңыз маңызды. Қақталған және қуырылған ет зиянды, ал оның қыздырып пісірілген және суға қайнатылған түрі пайдалы. Ет қосылған тағамды түскі астың уақытында жеген жөн.*

***10. Жемістер мен көкөністер – көмірсулар көзі***

*Олар күнделікті рационыңызда болуы керек. Оларды шикілей жеген пайдалырақ. Сондай-ақ, қайнатуға, буға және пешке пісіруге болады. Жемістердің құрамында тәбетті ашатын қант пен қышқылдар болатындықтан оны кешке жайрақ жемеген жөн.*

***11. Сүт кез келген жаста пайдалы***

*Айран, йогурт, сүт, сүзбе, каймақ – бұлардың барлығы қай жаста болмасын ағзаға өте пайдалы. Тек бұлардың май үлесі аз түрлерін таңдау керек. Балаға күн сайын сүт берудің 5 себебін мына жерден оқи аласыз.*

***12. Су ішу***

*Кейде шөлдеу де "қарныңыз ашқан" кездегідей белгілер береді. Сондықтан тамақ жегіңіз келген кезде алдымен бір стақан су ішіп көріңіз. Күніне 2 л су ішсеңіз, қарныңыз жиі ашпайды. Су тепе-теңдігін ұстап тұру тек ас қорыту жұмысына емес, сонымен қатар, сұлулыққа, әсіресе, тері жағдайына пайдасы мол. Бөлме температурасындағы газдалмаған су ішу керек. Оған аздап лимон суын тамызуға болады.*

***13. Дұрыс тамақтану мен диета – екі түрлі нәрсе***

*Дұрыс тамақтануға уақытша нәрсеге секілді қарамаңыз. Қандай да бір шектеулер қойып алып, оның бір күні бітетінін ойлап, шыдап жүрудің қажеті жоқ. Жаңа өмір сүру салтыңызды бірден өзіңізге ыңғайлы етіп жасап алыңыз.*

***massaget.kz сайтынан алынды.***

Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 159
Индекс 15534